ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

САДЫКОВА ДАМЕЖАН
ӘДІЛХАН ДИНУРА
МАХАШЕВА АЙГЕРИМ
АЙГУЖИНА САНИЯ
МАМИРОВА К.Н.
НАДЫРОВ Ш.М
САҒАТОВА М.Б.
КАИРОВА А.К.
НАКЫСЖАН А.Д.
АМЕТОВА БИБІГУЛ
ӘДІЛХАН ҚУАНЫШ
МҰСТАФА ЛАТИФ ЕМЕК
САДЫҚ МАРИЯШ

ISBN 978-605-7510-02-0

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ

САДЫКОВА ДАМЕЖАН
ӘДІЛХАН ДИНУРА
МАХАШЕВА АЙГЕРИМ
АЙГУЖИНА САНИЯ
МАМИРОВА К.Н.
НАДЫРОВ Ш.М
САҒАТОВА М.Б.
КАИРОВА А.К.
НАКЫСЖАН А.Д.
АМЕТОВА БИБІГУЛ
ӘДІЛХАН ҚУАНЫШ
МҰСТАФА ЛАТИФ ЕМЕК
САДЫҚ МАРИЯШ

İKSAD Publishing House

ISBN 978-605-7510-02-0

Institution Of Economic Development And Social Researches Publications®
(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)
TURKEY TR: +90 342 606 06 75
USA: +1 631 685 0 853
E posta: kongreiksad@gmail.com
www.iksad.org
www.iksadkongre.org

Kitabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications - 2018© ISBN – 978-605-7510-02-0

ISBN 978-605-7510-02-0

САДЫКОВА ДАМЕЖАН
ӘДІЛХАН ДИНУРА
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУЛЫ АЙМАҚТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
4
МАХАШЕВА АЙГЕРИМ
АЙГУЖИНА САНИЯ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ
46
МАМИРОВА К.Н.
НАДЫРОВ Ш.М
САҒАТОВА М.Б.
КАИРОВА А.К.
НАКЫСЖАН А.Д.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ
54

САДЫКОВА ДАМЕЖАН
АМЕТОВА БИБІГУЛ
ӘДІЛХАН ҚУАНЫШ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ
65

САДЫКОВА ДАМЕЖАН
АДИЛХАН ДИНУРА
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТУРИСТІК НАРЫҚ
80

МҰСТАФА ЛАТИФ ЕМЕК
САДЫКОВА ДАМЕЖАН
АДИЛХАН ДИНУРА
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ
94

МҰСТАФА ЛАТИФ ЕМЕК

САДЫКОВА ДАМЕЖАН

САДЫҚ МАРИЯШ

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ДАМУЫНА ТУРИЗМНІҢ ӘСЕРІ

111

ЗИЯВДИНОВА А.К.

ТЛЕУБЕРГЕНОВА К.А.

КАРМЕНОВА Н.Н.

АШИМОВ Т.Т.

ТОҚСАБАЕВА М.Е.

САТЫБАЛДИЕВА А.У.

МАХАНОВА А.С.

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

143

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУЛЫ АЙМАҚТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садыкова Дамежан

Әділхан Динура

ТҮЙІНДЕМЕ: Туризмнің дамуы халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салалары ретінде әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Мақалада Қазақстандағы тау туризмінің қалыптасуы мен даму тарихы, туризмнің басты нысаны тау ландшафттарын қорғау, экологиялық ластанудың алдын алу мәселелері мен экотуризмді дамыту бағыттары қарастырылды. Дүниежүзілік дамыған және дамушы мемлекеттердің тау туризмі ерекшеліктері, тау ландшафттары мен рекреациялық ресурстарын қорғаудағы әдіс-тәсілдері, табиғат қорғау заңдары мен ұлттық туризм саласын дамытудағы жобалары мен тәжірибелері айқындалып болашақта еліміздегі тау экотуризмін дамытуда пайдаланатын әдістері мен тиімді жолдары көрсетілді. Қазақстанның көрікті тау аймақтары мен рекреациялық

ресурстары, экологиялық туризм нысандарын пайдалану, экотуризмді дамыту арқылы еліміздегі экологиялық, экономикалық мәселелерді шешу, экотуризм саласын аймақтық деңгейде дамыту мүмкіншіліктері, еліміздегі таулы аймақтарда экотуризмді дамыту бағыттары, жобалары, әлемдік тәжірибелерді пайдаланудың салыстырмалы әдістері мен экотуризмді дамытудың статистикалық, ғылыми болжау әдістері айқындалды.

Кілттік сөздер: экология, экотуризм, тау ландшафты, рекреация, тұрақты даму, табиғат ресурстары, рекреациялық аймақтар,кепілдеме, лицензия, ерекше қорғалатын аймақтар,туризм.

Туризм - халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салаларының бірі. Туризмнің шаруашылық саласы ретінде дамуы мемлекеттердің орнықты даму стратегиясымен тығыз байланысты. Әлеуметтік - экономикалық дамудың катализаторы болып табылатын бұл күрделі құрылымды сала табиғаты экономикалық мақсатта тиімді пайдаланудың негізінде адамдар өмірінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете алады.Туристік базалардың салынуы және туристік ағымның шамадан тыс шоғырлануы

табиғи ортаның туристік құндылығын төмендетеді. Жыл сайын күшейіп отыратын туристік миграция, туристік инфрақұрылымның дамуы табиғи ортаға қауіп төндіреді, оның әсерін өнеркәсіп, көлік пен урбанизацияның дамуымен салыстыруға болады. Сондықтан да, кейде туризмнің табиғатқа, қоршаған ортаға тигізетін әсерін "агрессивті" деп те атайды. Туризмнің бұндай әсерлерін көре отырып, мамандар ең маңызды рекреациялық ресурстарды "туризмнен және туризм үшін" қорғауды мақсат етіп отыр. Осыған байланысты, зерттеушілердің көбісі туристік құбылыстар мен нысандарды аймақтарда бірқалыпты орналастыру принципін қолдайды, ол туристер көп баратын аудандарға әсерін азайтады. Көптеген мемлекеттерде туристік қозғалыстың жоспарлы аймақтық саясаты жүргізіліп отыр. Бұндай саясаттың ерекшелігі - ол туристік ыкпалдың аймақ бойынша біркелкі таралып, табиғи ландшафтарды сақтап қалуында.Табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын туризм түрін "экологиялық туризм" деп атайды. 1972 жылы Стокгольмде «Қоршаған ортаны қорғау» туралы білім беру, 1977 жылы Тбилиси қаласында өткен БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО және

ЮНЕП ұйымдары экологиялық мәселелерді шешу бағытында 40-тан астам шешімдер қабылдап, оның ғаламдық стратагиялық жоспарлары қабылданды. Осыған байланысты дүниежүзілік мемлекеттерінің келісімшартымен 1980 жылы экологиялық туризм пайда болды. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау. Қоғамның дамуымен өнеркәсіп дамиды. Жер бетіндегі халықтар саны артып, урбандалу дәрежесі кеңейді. Антропогендік іс-әрекет, туризмнің экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Рекреациялық аймақтардың деградацияға ұшырауының бір себебі ол туристік ұсыныстың туристік сұраныстан әлдеқайда төмен болуы, яғни рекреациялық саланың дамымауы. Өндірістік технология, индустрияның дамуы қала халқының психологиялық және физологиялық тұрғыдан қажеттілігін қанағаттандыру сұранысын туғызды. Туризм дамуында адамдар таза ауада демалып, көрікті табиғат аясында, экологиялық ластанбаған аймақта тынығу қажеттілігі артты.

Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден айырмашылығы табиғатта туристердің берілген

тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шектен тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау, ластанудан қорғау. Экотуризм табиғи ортасы жақсы сақталған аймақта болады. Экотуризмде туристердің көңіл-күйін, тәртібін қатал қадағалайды, яғни өсімдіктерді жұлмау, аяусыз қарамау, арнайы соқпақтармен жүру, айқайламау, тыныштықты сақтау мәселелеріне көңіл бөледі. Экотуризм жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, қызмет көрсету салаларының сапалылығына, салт-дәстүрлерді қорғауға және дамытуға, табыс арқылы әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жалпы экотуризм үшін тау ландшафттарының орны ерекше. Дүниежүзінде көптеген мемлекеттерде экотуризмді дамыту үшін көрікті ландшафттар мен минералды су көздеріне ие болған тау рекреациялық ресурстарын жиі пайдаланады. Таулар пайда болу ерекшелігіне, табиғат жағдайларының қалыптасуына қарай туристік іс-әрекеттерді дамытуда өте қолайлы. Таулар ертеден өзінің табиғи ерекшелігімен адамдарды қызықтыратын туризмнің, экотуризмнің

басты нысаны болды. Таулы аймақтарда туристік іс-әрекеттер ұйымдастыру, инфрақұрылымды дамытуда біршама қиыншылық, кедергілер туындатқанымен таулар туристерді қызықтыратын факторлар түріне жатады. Таулар арқылы экотуризмнің танымдық, спорттық және мәдени тәжірибелік жорықтарын ұйымдастыруға болады. Жер шарының 35,9 млн шаршы км (24,3%) аумағын таулы аймақтар алып жатыр. Жер шарының 24% халқы тауларда жасайды. Жер шарының ірі мегополис қалалары Мехико, Токио, Джакарта биік таулы аймақтарда орналасқан. Дүниежүзі мемлекеттердің іс-тәжірибесінде жалпы туризмнің, экотуризмнің дамуында тау ландшафттары маңызды роль атқарады. Антикалық туризм дамуын Греция және Риммен байланыстыратын болсақ Римдиктер алыс сапарларға су жолдары арқылы сапар ұйымдастырса Грекияда курортология мен емдік туризм таулы аймақтарында пайда бола бастайды. Сонымен бірге Олимпиялық ойындар, яғни спорттық туризм түрлері де Грекияда дамыған. Алғашында қалада тұратын бай гректер мен римдіктер қала сыртындағы таулы немесе таулы аймақтарда орналасқан ауылды мекендерге шығып отырса,

кейініректе бұл саяхаттардың географиялық шектеулері кеңейе түсті. Минералды бұлақтар мен храмдардың қасында қазіргі емдік-сауықтыру орындарына ұқсас нысандар салына бастады, ал емдік жерлер жоғары қолайлы жағдайлары мен ойын-сауықтың көп түрлілігімен әйгілі болды. Орта ғасырларда Ресейдің таулы өлкесі Кавказ аудандарына кеңінен саяхаттар жасалып, олардың мақсаттары тек діни және сауда болып қана қоймай, танымдық мақсаттар да көзделеді. XIX ғасырдың соңында ресейліктер арасында екінші таулы аудан - Қырым әйгілі бола бастайды. 1980-ші жылдардың соңында Ялтада «Табиғат, тау туризм және Қырым тауларын сүйгіштедің үйірмесі» ашылды. Ол Ресейде тау туризмін дамытуға үлес қосты. 1890 жылдың 25 қаңтарында «Қырым тау клубы» құрылды. XIX-XX ғ.ғ Қырым мен Кавказдың таудағы тұзды, емдік суларымен бірге Ресейде туризмнің ролі көтеріле бастады. Ол Кавказдағы Эльбурс және Кавказ шыңдарымен байланысты.1901 жылы Мәскеуде Орыстың тау қоғамы ашылды және Верный қаласында (қазіргі Алматы қаласы) Орыс тау қоғамының бөлімшесі ашылып, 1927 жылға дейін іс-әрекет

аясында болды. Қазақстандағы таулы аймақтар Жетісу, Іле-Алатауының тау бөктері мен Қарқаралы тау массивтері арқылы жиі саяхат маршруттары ұйымдастырылды. 1910-1912 жылдары Әліби Жангелдиннің таяу "жер дүниесін айналып өтетін" жаяу жорық саяхаты, 1913ж Жетісуда атты туризмнің дамуы, 1925-1926 жылдардағы Алматы - Ыстық көл арасындағы жаяу жорықтар, 1931 жылы Жетісу губерниялық мұражайы жанынан ашылған «Пролетарлық туризм мен экскурсиялардың бүкілодақтық қоғамының бастауыш ұйымы» ның тау аймақтарында ұйымдастырған іс-шаралары, 1930 жылдары Іле Алатауында альпинизмнің дамуы, 1936 жылы тау аймағында "Горельник" туристік базасының салынуы, тау массивтерінде әртүрлі вело, мото спорттық сайыстарын ұйымдастыру, Шығыс Қазақстан өңірінде теңіз деңгейінен 1750м биіктікте орналасқан «Рахманов бұлағы»-ның ашылуы еліміздің туризм саласын дамытуда тау ландшафттары мен тау аймақтарының ролі ерекше болғандығын айқындауға болады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары 1941ж В.Зимин биік тау жорығын ұйымдастырып, қарлы шыңдарға саяхат жасады. 1943ж

Қазақстанда Бүкілодақтық тау инструкциясын дайындау мектебі, 1945ж Алматыда дене шынықтыру институты, 1946ж туризм-алпинизм кафедрасының ашылуы елімізде тау туризміне басты назар аударылғандығын айқындатады[1]. 1953ж Горельникте Бүкілодақтық тау туризмін дайындау сборы өтіп,1962 ж туристер Жоңғар Алатауына шаңғы жорығын жасады. 1978ж Қазақстандық велотуристер Тянь-Шань тау жолымен жорық, 1990ж Алматыда шаңғы жорығы, Орталық Тянь-Шань тауында 6 қатерлі жорық ұйымдастырылды. Сонымен бірге экотуризмнің негізгі нысандары болып нақтыланған еліміздің емдік бағыттағы емдік-сауықтыру орталықтары, туризм және демалыс орындары Орталық және Солтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысындағы Қарқаралы тау-орман массивінде, Қостанай, Павлодар облысындағы Баянауыл тау-орман массивінде біршама алдынғы дәрежеде болды. Қазақстандағы емдік 500-ге жуық анықталған минералды су көздері, 78 шипалы батпақ көлдер, 50 климатпен емдеу аудандары және зоналары республикамыздың барлық облыстарында, басым бөлігі негізінен еліміздің таулы аймақтарында дамыған.

[1] Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г, стр 194-200

Қазақстанның оңтүстігіндегі Іле Алатауында *«Жаркент – Арасан»* - республикалық маңызы бар, бальнеологиялық емдік-сауықтыру орталығы, Іле Алатауының солтүстік беткейінде 1800 км биікте *Алма-Арасан»* - емдік сауықтыру орталығы, Алтай тауында орналасқан «Рахманов бұлағы», Іле Алатауының етегінде теңіз деңгейінен 1100 м биіктікте *«Көктем»* - таза ауамен және шипалы сумен емдейтін емдеу -сауықтыру орталығы, Алматы облысы Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген өзенінің бойындағы табиғаты әсем шатқалда *«Түрген» су көздері,* Жамбыл облысы, Мерке темір жол станциясының оңтүстігінде 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта *«Мерке»* бальнеологиялық емдеу - сауықтыру орталығы, Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан «*Көкшетау» демалыс үйі* орналасқан (Сурет-1)

Сурет-1

Экологиялық туризмнің негізгі нысандары елміздің табиғатын қорғау үшін ұйымдастырылған 9 мемлекеттік қорық, 66 қорықша (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштерінің негізгі бөлігі таулы аймақтарда орналасқан. *Ақсу-Жабағалы мемлекеттік қорығы* – Талас Алатауы мен Угам жоталарының ең бір шұрайлы, табиғаты көркем жерінде 4 мың м тау биіктігінде, *Батыс Алтай қорығы*- қазақстандық Алтайдың Линей, Холзун, Кокшин атты тау сілемдерінде, *Алматы мемлекетік қорығы* - Іле Алатауының таулы алқабын алып жатыр. Оның ең төменгі нүктесі 1000 метрлік биіктіктен басталып 5017 метрлік Талғар шыңына дейінгі аралықты қамтиды.

Болашақта ұйымдастырылатын қорықтардан *Жоңғар қорығы*, *Кент қорығы* Қазақстанның оңтүстік бөлігінде Жоңғар Алатауы аймағында *Көкшетау ұлттық табиғи саябағы* Зеренді, Шалкар және Имантау және Айыртау табиғи аймақтарының таулы-орманды, өзен-көлді өлкелерінде орналасқан. *«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы* - Алматы қаласынан 300 шақырым қашықтықта Күнгей-Алатау баурайында Көлсай мекенінде, *Іле Алатауы саябағы* - ұзындығы 2500, көлденеңі 600 километрге созылып жатқан аса ірі таулы алқапта орналасқан. *Баянауыл ұлттық саябағы*- Павлодар облысының Қарағанды облысымен шектескен жерінде жартылай шөлейт жерлердің арасынан шағын ғана таулы алқапта, *Қарқаралы мемлекеттік ұлттық саябағы –Қарағанды облысының Қарқаралы тау массивінде, Сайрам-Ұғам (Өгем) мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы*- аумағы Оңтүстік Қазақстан облысында Іле Алатауында орналасқан. Қорықшалардан Оңтүстік Қазақстан облысының Жамбыл және Шалдар қорықшалары Іле Алатауында, Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында орналасқан Үржар және Атлет, Солдат жырасы қорықшалары Тарбағатай тауында, Торанғылы, Бектауата қорықшалары

Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында Қарқаралы тауында, Берікқара қорықшасы Жамбыл облысының Жуалы ауданында, Қара қоңыз қорықшасы Қордай ауданында таулы аймақта орналасқан. Зоологиялық қорықшалардан Алматы облысында «Лепсі», «Тоқты», «Қоқан» және «Жоғарғы Көксу» қорықшалары, Шығыс Қазақстан облысында Алтай, Тарбағатай тауларында «Құлжа» және «Тарбағатай» қорықшалары, *Алматы қорықшасы* Алматы облысының аумағында Іле Алатауында, *Боралдай қорықшасы* –Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында, *Жоғарғы Көксу қорықшасы* – Жетісу өңірінде тау аймақтарында орналасқан (мониторинг-1).

Мониторинг-1

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Бүгінгі күнде көрікті таулы аймақтардың рекреациялық ресурстарын тиімді пайдалану арқылы туризмді дамыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі болғанымен оның экологиялық тұрғыдан ластанбауын қорғау, экологиялық проблемалардың алдын алу мәселелері айқындалуда. Сондықтан дүниежүзі мемлекеттерінде тау ландшафттарында туризмді дамыту шараларын арттырумен бірге оның экологиялық тұрғыдан ластанбауына басты назар аударуда. Дамыған және дамушы мемлекеттерде тау массивтеріндегі туризмді экотуризм бағытында дамыту жұмыстары жандандырылуда. Кейбір

мемлекеттерде тау туризмнінің дамуы арқылы түскен пайда тауды қорғау жұмыстарына емес шет елдік компаниялар мен фирмалардың қалтасына кетіп жатқандығы анықталды. Осыған орай таулы аймақтарда туризм дамытудың табиғи түрі экотуризмді дамыту мәселелері нақтыланып оның болашағы мен экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан тиімділігі айқындалуда. Әлемдік дамыған және дамушы мемлекеттердің іс-тәжірибелерін салыстыру арқылы көптеген мемлекеттердің табиғи көрікті аймақтарды қорғау мен туризмді дамыту іс-шаралары таулы аймақтарда көп шоғырланғандығы нақтыланды. Дүние жүзі дамыған мемлекеттердің бірі АҚШ мемлекетінің негізгі табиғатты қорғау аймақтары мен туризм дамыған аудандары мемлекеттің батыс бөлігінде Кордилер таулы аймағында көп шоғырланған. АҚШ да 1916 жылдан бастап «Ұлттық саябақтар жүйесі» негізінде ұлттық саябақтарды қорғау қызметтері АҚШ мемлекеті ішкі істер министрлігі тарапынан басқарылып жүргізілуде. 1978 жылы «Ұлттық саябақтарды қорғау туралы заң» қабылданды. Қазіргі күнде АҚШ да 350 ден астам ұлттық саябақтар бар,олардың жалпы аумағы 30 млн га (3,2%) аумағын

алып жатыр.АҚШ да орналасқан 26 әртүрлі табиғи қорық аймақтарды 3 топқа бөлеміз: табиғи, тарихи, рекреациялық. Табиғи топқа ұлттық саябақтар, ескерткіштер, резерваттар жатады.1980 жылға дейін АҚШ да аумағы 20 млн га жерді алып жатқан 50 ұлттық саябақ қалыптасып жыл сайын 300 млн туристерді қабылдаған. АҚШ дағы негізгі ірі ұлттық саябақтар мемлекеттің батыс бөлігінде орналасқан. Олардың ең негізгілері: Йеллоустон, Йосемит, Глейшер, Секвойэ, Гранд-Тетон, Гранд-Каньон, Калифорния штатындағы Йосеми-ты. Калифорния штатындағы Йосеми-ты ұлттық саябағында Солтүстік Америкадағы ең ірі, биіктігі 800м Йосемит-Фол сарқырамасы бар. Секвойэ ұлттық саябағында биіктігі 100 метр, диаметрі 8-9 м секвойя ағаштары қорықталады.АҚШ мемлекетінің батысында Колорадо таулы үстіртінде бірнеше ұлттық саябақтар орналасқан. Олардан әлемге белгілі Колорадо өзенінің 170 км аумағын қамтыған Колорадо шатқалы.Бұл шатқалға жыл сайын 20 млн туристер келетіні айқындалған. Скала тау жүйесіне байланысты теңіз деңгейінен 2300 м биікте орналасқан Йеллеустон ұлттық саябағы 1872 жылы құрылған. Ұлттық саябақ Вайоминг штатында 900 мың га аумақты алып жатыр

және жылына 3 млн туристерді қабылдайды.Йеллоустон ұлттық саябағында теңіз деңгейінен ең биікте орналасқан Йеллоустон тау көлі,орман ағаштар, әрбір 65 минутта әрекет ететін Олд-Файтфул гейзері Мамонт ауданындағы ең ыстық қайнар көздерден бірі орналасқан. Йеллоустон ұлттық саябағының оңтүстік бөлігінде Гранд-Тетон ұлттық саябағы орналасқан.Солтүстік бөлігінде, яғни Канада мемлекетімен шекаралас Глейшер ұлттық саябағы орналасқан. Орталық бөлігінде әртүрлі живописті жер бедерін қалыптастырған Роки-Маунтин саябағында әлемге әйгілі Колорадо-Спрингс емдеу-сауықтыру орталығы орналасқан. Таулы аймақтың шығыс бөлігінде Ұлы жазық аймағына қарай бірнеше ұлттық саябақтар бар.Оңтүстік Дакота штатының солтүстік бөлігінде географиялық терминге байланысты (күрделі жер бедеріне ие болған жер аумағы) Бедленд ұлттық саябағы, оңтүстік бөлігінде Нью-Мексика штатында Карлсбад ұлттық саябағы, оңтүстігінде Техас штатынының «жабайы» табиғатын айқындататын Биг-Бенд ұлттық саябағы орналасқан. АҚШ тың шығыс бөлігінде ұлттық саябақтар біршама аз, оңтүстігінде Айкейдия, Эверглейд, Флорида штатында Шенадоа

ұлттық саябақтары бар. Шығыс бөлігіндегі ең белгілі ұлттық саябақ Теннесси және Солтүстік Каролина штаттарының шекарасындағы Аппалач тауларында орналасқан Грейт-Смоки-Маунтис ұлттық саябағы.Солтүстік аймақта орналасқан Аляска түбегінде XX ғасырдың 90 жылдары 8 ұлттық саябақ құрылды.Олар аумағы бойынша басқа ұлттық саябақтардан ерекшеленеді. Мәселен, Денали ұлттық саябағының аумағы 23 мың км. Гавай аралдарында екі ұлттық саябақ бар, олар Гавай жанартау ұлттық саябағында Килауэаимануа-Лоа белсенді жанартау аймағында орналасқан. Табиғат қорғау аймақтарына табиғат ескерткіштері мен резерваттар жатады. АҚШ да 800 ге жуық ұлттық ескерткіштер,табиғи қорықшалар бар. Әрбір ұлттық саябақтар жылына 1 млн туристерді қабылдады. Американдықтар жылдық еңбек демалыстарында ұлттық саябақтарға, табиғи ландшафттарға туристік саяхат, демалыс, тыныңу шараларын ұйымдастырады. Ұлттық саябақта су маршруттары моторлы қайық, байдар немесе жүзу арқылы ұйымдастырылады. «Жабайы табиғат» аясына жаяу жүру, тауға атпен жүру маршруттары жүргізіледі. Ұлттық саябақ аумағында от жағуға, тамақ дайындауға

демалуға арналған жеке орындарда ғана рұқсат беріледі. Оған қарсы болған жағдайда заңды түрде айыппұлдар мен жазалау шаралары қарастырылған. Көптеген ұлттық саябақтарға демалу, танымдық саяхаттар ұйымдастыру күн мерзіміне байланысты ақылы болады. Бірнеше ұлттық саябақтарды көруге арналған жылдық билет сатылады, онда билет сатып алушы үшін немесе барлық жолаушылар үшін арнаулы жеке автокөлік қамтылады. Сонымен бірге ұлттық саябақ аумағында қонақ үйлер орналастырылған. Туристердің сұранысына байланысты шаңғы, жаяу, атты маршруттар ұйымдастырылады[2]. Ұлттық саябақтардағы рекреациялық ресурстар теңіз, өзен жағалаулары, шатқал, тау, аңғар, скала әртүрлі табиғи аймақтар.1968 жылы жалпы ұлттық соқпақтар жүйесі бірнеше мың шаршы км алып жатқан 250 ге жуық нысандарды қамтыған. Ең ірі ұлттық табиғи соқпақ Нью-Йорк штатынан батысқа қарай 5,2 мың км созылған. Африка мемлекеттерінде ең көп халықаралық туристік орталықтар Африканың шығыс бөлігіндегі таулы аймақ Шығыс-Африка таулы үстіртінде орналасқан. Онда Килиманджаро (5895м),

[2] Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

Кения (5199м) жанартаулары мен Маргерита (5109м), Карисимби (4507м) шыңдары қамтылған.Килиманджаро жанартауының шыңы қар және мұздықтармен жамылған.Сонымен бірге әртүрлі эндемик өсімдіктер бар.1973 жылы таудың ерекше табиғатын қорғау мақсатында 2700 м биіктен бастап ұлттық саябақ, 1989 жылдан Әлемдік ескерткіш мұрасына айналды. Ұлттық саябақ 1977 жылы туристер үшін ашылып жыл сайын 36000 адам «Африка төбесін» көру үшін келеді және тау басында 5 күндік демалыс маршруттарын ұйымдастырады.Бірақ адам іс-әрекеті нәтижесінде бұл аймақтың экологиялық тұрғыдан ластануына себеп болуда.Туристер тау өсімдіктерінің азаюына, эрозиялық әрекеттердің қалыптасуына,әртүрлі қоқыс қалдықтардың көбеюіне әсер етуде.Мәселен, 1993 жылы 2 шет ел туристінің әсерінен 4500 тұрмыстық қалдықтар жиналған, әрбір 10 км аралықта ағаш арасында 450 тұрмыстық қалдықтар табылған.Туризмдегі экологиялық проблемалар Африка мемлекеттері үшін экономикалық тұрғыдан кері әсерін тигізуде.Сондықтан мемлекет экотуризмді дамыту арқылы табиғатты, көрікті аймақтарды қорғау шараларын қарастыруда. Мысалы, Кения мемлекетінің экотуризм аймақтарында

әрбір 1га жерге саяхат жасау үшін 0,8 ден 40$ АҚШ доллары көлемінде ақылы болады. Себебі Африка ормандарының көлемі жылдан жылға азаюда, соңғы мәліметтер бойынша 17 млн га орман жойылған. Осыған байланысты орманға ақылы саяхат маршруттарын ұйымдастыру жұмыстары жандандырылған. Африка флорасы мен фаунасының ерекшелігін тамашалау үшін жыл сайын миллиондаған туристер келеді. Амбоси ұлттық саябағындағы бір арыстан жылына 27000$, ал бір піл 610000 $ АҚШ доллары көлемінде табыс табады екен. Бұл әрине табиғатты қорғау шаралары мен экономикалық тұрғыдан жандануына әсер етеді.Африкадағы ең белгілі экотуризмнің бірі табиғат кешеніне сафари ұйымдастырумен байланысты. Америкалық туроператорлардың сараптамасы бойынша бұл экотуризмді ұйымдастыру төмендегідей нәтижеге ие болады:

- селолық аймақтарда жасайтын Африка халқының тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына әсер етеді:
- жабайы табиғаттың қорғалуына себеп болады:

- табиғатты қорғаумен бірге Африка мемлекеттері үшін ең маңызды табыс көзі болды:

- шет елдік аңшылар табыс көзінің бір бөлігін, яғни жабайы аңдардың етін жергілікті халыққа қалдырып отырады бұл халықтың тұрмыс жағдайына, цеце шыбынының азаюына әсер етеді:

- ұйымдастырушылар арнаулы су қоймаларын жасау арқылы жергілікті халықтың сумен қамтылуын қамтамасыз етеді:

- туризм маршрутын ұйымдастыруда көптеген жергілікті адамдар жұмыспен қамтылады (лагерь құрылысы,аңшылыққа үйрету, зергерлік бұйымдарды, тамақ өнімдерін сату т.б):

- маршрут ұйымдастырушылар шалғай аймақта орналасқан жергілікті халық үшін арнаулы медициналық көмек орталығына айналады;

- маршрут ұйымдастыру жергілікті халықтың қолөнерін дамытуға (сүйек қалдықтарынан бұйымдар жасау), инфрақұрылымын жақсартуға (көпір, жол т.б) әсер етеді:

- аңшылық кәсібі жергілікті халықтың өз жеміс-жидектерін, бақша жемістерін сатуға, сол арқылы әлеуметтік жағдайларын жақсартуға әсер етеді[3].

Әлемдік банк табысының 55% дамушы мемлекеттерді дамытуға бөлінетін болса,1990 жылдары дамушы елдер өз мемлекетінде экотуризмді дамыту арқылы жылына 12 млрд доллар табыс көзіне ие болды. Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия елдерінде экотуризмді дамыту бағыттарын қарастырсақ Оңтүстік Азиядағы экотуризм аймағы Индонезия мемлекеті.Әлемге әйгілі Суматра аралында орналасқан Ганнинг ұлттық саябағы.Аумағы 10950 шаршы км (кв) орман қорықталады. 1981 жылы биосфералық қорық атауын алды.Соңғы мәліметтер бойынша 1993 жылы келген туристердің саны 18000 шет елдік, 54000 өз мемлекетінен маршрут ұйымдастырған.Туристердің кері әсері жергілікті жануарлардың өз жасау жерін өзгертіп түнде жорықтауына, керісінше кейбір тиіндердің адамға бейімделу жағдайларының қалыптасуы айқындалған.Сондықтан жануарлардың табиғи өмірінің өзгермеуі үшін арнаулы зоналарға бөлу,

[3] Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г., стр 200-210

өсімдіктердің жойылмауы үшін арнаулы бейне камералар орнату жұмыстары жандандырылды. Әрбір маршрут саяхатында 10 адамнан артық адам болмауын қадағалады.Үндістан мемлекетінде экотуризм Үндістан мемлекетінің тау фонды тарапынан бақыланады, қадағаланады. Әрбір турист топтары туристік саяхат жасаудан 3 ай бұрын Үндістан Үкіметіне сұраныс жазады, осыған байланысты рұқсат қағазында маршрутқа қатысушылардың тізімі мен тау шыңдарына саяхат жасауы бойынша шешім шығарылады. Рұқсат қағазы бойынша маршрутқа 12 адамнан артық қатыспайды және маршрут үшін төмендегідей ақы төленеді:

-Шығыс Қарақорым - 4000 АҚШ доллары:

-ішкі аудан – 4000 АҚШ доллары:

-Нунь-Кунь – 3000 АҚШ доллары:

-8000м биікке көтерілу-8000 АҚШ доллары:

-7000м жоғары-3000 АҚШ доллары:

-6501м жоғары 7000м дейін-2000 АҚШ доллары:

-6500 м төмен-1500 АҚШ доллары:

-Канченджанга тауы үшін-20000 АҚШ доллары лагерге келуден 15 күн бұрын төленуі тиіс. Әрбір экспедиция үшін арнаулы әскери офицер бөлінеді. Оның киім т.б экспедиция қамтамасыз етеді, 4 станция үшін 4 аптаға арнаулы сөйлесу құралы рация алады және оның лицензиясын 200 АҚШ долларына сатып алады. Әрбір экспедиция алдын ала 300 АҚШ доллары көлемінде табиғатты қорғау, ластамау үшін кепілдеме береді. Қаржының 4/1 бөлігі Гималай штатына табиғатты қорғау жұмыстарына беріледі.Төтенше қорғау вертолеттері 6000 АҚШ долларын құрайды.Үндістанда соло-экспедицияға, яғни жалғыз саяхат жасауға тиым салынған. 1999 жылы экотуризмге қатысушылыр үшін 198 шың ашылды. Үндістандағы әйгілі шыңдар: Сикким, Гарвал, Кулу-Лахул, Падар, Жанскар, Ладк. Әрбір аймақ өзіне тән рекреациялық ресурстарымен ерекшеленеді. Непалда халықаралық тау экотуризмі Туризм Министрлігі тау бөлімі және азаматтық авиация тарапынан бақыланады. Тауға саяхат уйымдастыру Непал тау ассоциациясынан шешім қабылдайды.Бұл жерде альпинизм және тау туризіміне арналған тау биіктігінен төмен бөлігіне дейін маршрут уйымдастыруға ғана рұқсат берілген.Саяхат

ұйымдастыруға рұқсат шешім Туризм Министрлігінен беріледі және маршрут ұйымдастыру ақысы 2 ай бұрын төленеді.Саяхат тобында 7 немесе 12 адамға дейін болуы тиіс.Саяхатда:

-Эверест -70000 АҚШ доллары:

-Эверест (басқа маршрут)-50000 АҚШ доллары:

-8000м-10000 АҚШ доллары:

-7501-8000м-4000 АҚШ доллары:

-7001-7500 дейін-3000 АҚШ доллары:

6501 м ден 7000м дейін-2000 АҚШ доллары:

-6500м төмен-1500 АҚШ доллары:

Турист топтары үшін қызмет көрсетушілер (аспазшы,жол көрсетуші, жүк көтеруші т.б) жергілікті халықтан қамтамасыз етіледі.Бейне түсірілім,рацияны пайдалану, спутник құралдары үшін алдын ала рұқсат алынады және табиғатты қорғау үшін қаржы көлемінде кепілдеме береді.Кепілдеме ақысы: Эверест аймағы үшін-4000 АҚШ доллары,одан төмен қарай 3000,2000 АҚШ доллары көлемінде беріледі. Альпинизм, тау туризмі үшін гид алынады және табиғатты қорғау кепілдемесіне 150-300 АҚШ доллары көлемінде

алынады.Топ үшін саяхат маршрутын ұйымдастыру мерзімі 1 ай. Қазіргі күнде тау экотуризмі үшін 1310 шыңдан 140 шыңы айқындалды және оның ең әйгілісі Махалунгур, Лангтак, Ганеш, Манаслу, Аннапурна, Дхаулагири, Нилгири. Пакистанда тау туризмі Пакистан Үкіметі туризм бөлімі тарапынан бақыланады. Мемлекеттер туристердің саяхаты үшін қызмет көрсету жағдайлары туралы мәліметтерді Пакистан елшілігінен алады.Тау туризмі үшін топта 5 адам болуы қажет:

- К2 Чогори шыңы – 9000 АҚШ доллары:
- 8001м-8500м – 7500 АҚШ доллары:
- 7501м-8000м - 3000 АҚШ доллары:
- 7001м – 7500м – 2000АҚШ доллары:
- 6000м -7000 м аралығы -1200 АҚШ доллары[4].

Тау аймақтарына туристік саяхат ұйымдастыру үшін 6000 м биіктік үшін трекинг рұқсатын алу керек.Сонымен бірге әскери-офицер байланысшысысын қамтамасыз ету, экологиялық тазалық үшін әрбір топ 200 АҚШ доллары көлемінде ақша төлеуге дайын

[4] А.В.Бабкин Специальные виды туризма учебное пособие Москва 2003г

болуы тиіс. Пакистандағы ең әйгілі тау туризмі Каракорум және Гиндукуш. Тау туризмі үшін ақылы қызметтердің ұсынысы, тау экотуризм маршруттарын жасауда мемлекеттік рұқсаттың болуы төмендегідей жетістіктерге әсер етеді:

- саяхат жасау жүйесі жеке, өзіндік іс-әрекет ұйымдастырудың алдын алады:

- тау туризмін ұйымдастырушы турфирмалар немесе туризм бөлімі мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынады:

- отандық турфирмаларды ұлттық рыноктағы шет елдік турфирмалардан қорғайды:

- әр жылғы жаңадан ашылған экотуризм тау шыңдары хабарланып отырады, ол табиғат кешеніне шектен тыс кері әсердің болмауын қадағалауға мүмкіндік береді:

- алдын ала рұқсат алу маршрут міндеттері мен турист топ адамдарымен танысуға, сол арқылы шет елдік туристердің мінез-құлқын айқындауға мүмкіндік береді:

- байланыс офицерлер институты, жолсеріктер тау халқы үшін экотуризм маршруттарын,қозғалысын бақылау және экотуристтердің іс-әрекетін қадағалау үшін жаңадан жұмыс орнын қалыптастырады:

- табиғатты қорғау жүйесіндегі кепілдеме туристердің ұлттық қоршаған ортаны қорғау заңын орындауға жауапкершілігін арттырады:

- тау туризмін дамыту ұлттық тау қорғау Фонды және Ассоциациясымен байланыста жұмыс жасайды.Осының әсерінен туристік әкімшілік жұмыстарын жүргізу,тау аймақтарына қызығушылығын арттыру, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жандандыруға әсер етеді.

Тау туризімі жақсы дамыған Батыс Кавказ аймағында тау ландшафттары мен рекреациялық ресурстарын қорғау мақсатында экотуризмді жандандыру шаралары ұйымдастырылуда. Батыс Кавказдағы *Краснодар өлкесі* туристік ауданның батысында, Кавказ тау жоталары аласа таулы өлкеде орналасқан. Таулы аймақ минералды су көздеріне, емдік суға бай. Туристік ауданда тауға тән болған емдік-сауықтыру орталықтары бар. Әлемге әйгілі «Горячий

Ключ» бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы осы өлкеде орналасқан. Сондықтан Ресей мемлекетіндегі тау экотуризмін дамытуға мүмкіндігі бар аудан болып саналады. Болашақта трекинг экотуризмі (тау аңғары арқылы Қара теңізге саяхат жасау),спорттық және оқу скала (Планческ, Монастыр,Индюк), спелотуризм (Фанатау тоғайы, Богатыр тоғайы т.б), шатқал (Двубрат шатқалы, Бешенки озені шатқалы). Орман арасындағы жолдар тау велотуризм, атпен жүру туризмін дамыту арқылы тау экотуризмін дамыту бағыттары айқындалуда. Бұл аймақта қыста қар 20-50 күн аралығында ғана болады сондықтан шаңғы туризмін дамыту біршама күрделі. *Апшерон туристік ауданы* Кавказ тау жоталарында, Кубань тауы бөлігінде орналасқан. Туристік ерекшеліктеріне байланысты ауданды екі топқа бөлеміз: Черниговско-Отдаленный және Гуамо-Мезмайск. Черниговско-Отдаленный аудан Гуамо-Мезмайск ауданынан табиғат ескерткіштері, экзотикалық табиғат ресурстарының көптігімен ерекшеленеді. Бірақ бұл туристік ауданға туристер өте аз немесе мүлдем келмейді, себебі бұл ауданның туристік өлкелер арасында жарнамалау қызметтерінің аз болуы,

инфрақұрылымның дамымауы. Апшеронда емдік-минералдық су көздерінің болуы емдік туризмнің дамуына әсер етуде. Болашақта туристік ауданда экотуризмді дамыту мақсатында Қара теңіз арқылы тау аңғары, Пшеха өзені арқылы радикальды маршрут ұйымдастыру, Собор, Спящий Черкес арқылы жаяу жүру мен спелотуризм (Қаратау үстірті, Исиченко тоғайы, Лагонаки тау тоғайы), шатқал (Гуам, Вольчи, Курджип өзені шатқалы, Хахопсе, Гогопсе) тау экотуризм маршруттарын ұйымдастыруға мүмкіндіктері айқындалып жандандыру жұмыстары жүргізілуде.*Сочи туристік ауданы* 1902 жылы анықталған емдік-демалыс мақсатында пайдаланылды. Сонымен бірге жағажай, экологиялық (шытырман, табиғатқа тарихи жорықтар, табиғи резерваттарға саяхат жасау), экскурсия, фестиваль, спорт туризмі, бальнеологиялық, аэротерапия, гелиотерапия, талассотерапия дамыған. Болашақта жаяу, Фишт тауларында альпинизм, Алек тау жоталарында спелотуризм, шатқал, джиппинг (Красная поляна селосында), Ачишхо тауларында тау шаңғысы, спорттық туризм түрлерін дамыту тау экотуризмін қалыптастыруда негізгі көзі болып саналады.Тау туризмін дамыту мақсатында 4 аспалы

жолдарын салу жобалануда. Адыгей республикасында *Майкоп туристік ауданында* тау экотуризмін дамыту жобалары жандандырылуда. Туристік ауданның ең биік нүктесі Чугуш (3238,2м), ауданның оңтүстік батысында Фишт (2867м) тауы орналасқан. Фишт таулары альпинизмде «А», «Б» санаты үшін күрделі маршруттар ұйымдастырылады. 1985 жылы В.В.Литвинов жетекшілігімен тұңғыш қысқы шаңғы спорт түрі өткізілді. 1981 жылы Абадзеш-Мурзикао массивінде дельтаплан спорт түрлері бойынша сайыс ұйымдастырылды. Туристік аудандағы Лагонак таулары алуан түрлі биологиялық ресурстары бойынша ерекшеленеді. 600 түрлі өсімдіктің 23 түрі дүниежүзінде кездеспейтін локальды эндемик,44 субэндемик, яғни Батыс Кавказ аймақтарында кездесетін өсімдіктер, 35 эндемик өсімдіктер Кавказ тау жоталарында кездеседі.Сондықтан бұл аймақта ғылыми-зерттеу экспедициялары жиі маршруттар ұйымдастыруда. Болашақта халықаралық тау экотуризмі, тау табиғаты тарихы, ғылыми, шытырман экотуризмін дамытуға мүмкіншілікгі айқын[5]. *Архыз туристік ауданы* Карачай-

[5] Захаров П. П. Западный Кавказ. Узункол - М.: Издатель И.В. Бабанов, 1999.

Черкесс Республикасында орналасқан, онда Пшиш тауы (3790м) бар. Туристік ауданда шаңғы, альпинизм,демалыс, танымдық туризм мақсатында қолданылған. Белгілі неміс жазушысы Альфред Курелла 1938 жылы осы аймақта болып оның ерекше рекреациялық ресурстарына тәнті болып «Адхыз! Сенің көркің келешек ғасырлар бойы біздің ұрпақтарымызды қуантатын болады!» деп өз ойын жазып қалдырған. Туристік ауданда трекинг, тау шаңғы туризмі, спело экотуризмді дамыту жобалары жандандырылуда. *Домбай туристік ауданы* Теберда өзені жағасында орналасқан. Ең биік нүктесі Ульген (4046м). Бұл аймақта климатпен емдеу орталықтары жақсы дамыған. 1923 жылдан «Аманауз», «Алибек» т.б демалыс үйлері мен орталықтары салынды.Таудың 800-1200 м биіктігінде жылы климат, орта бөлігінде ылғалды климат қалыптасқан.1913 жылы швейцар ғалымы М.Рикли Батыс Кавказ өлкесін психологи-эстетикалық тұрғыдан флора мен фаунасы, рекреациялық ресурстары бойынша бай өлке деп атаған.Өсімдіктері мен жануарларын қорғау мақсатында Тебердин мемлекеттік қорығы, орман арасында Теберды емдік-сауықтыру орталығы құрылды. Инфрақұрылымы жақсы дамыған.

Болашақта эктуризмді дамытуда тау спорт туризм түрлері мен жабайы табиғатқа саяхат жаяу, ғылыми-танымдық туризм түрлерін дамыту жұмыстары жобалануда.

Қазақстанда экологиялық туризмді дамытуда жаңадан бастамалар мен іс-шаралар жүргізіліп жатқанымен экологиялық туризмнің дамуының көптеген шешілмеген мәселелері бар. Елімізде әлі күнге дейін экотуризм аймақтары мен нысандарының саны белгісіз, және де күнделікті тауға, қорықтар мен ұлттық саябақтарға саяхаттап баратын туристтерді ешкім бақыламайды. Осының салдарынан қорықтардағы «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар жойылып бара жатыр. Туризм дамыған таулы аудандарда инфрақұрылым, қызмет көрсету салалары әлі нақты қолға алынбаған және осыған байланысты еліміздің көрікті рекреациялық аймағы тау ландшафттарының ластану деңгейі артуда.

Сондықтан бұл мәселелерді дұрыс, әрі тиімді шешуде әлемдегі экотуризмі жақсы дамыған АҚШ, Африка, Аустралия, Азия, Еуропа, Ресей мемлекеттерінің іс-тәжірибесін өз мемлекетіміздің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып пайдалану арқылы дамытуға басты назар

аударуымыз қажет. Швецияда "Natures Best" немесе "Табиғат кереметтері" деген экологиялық сапа белгісі бар. Бұл сапа белгісін табиғаты көркем жерлерге беріп қоймай, жыл сайын мемлекеттік бюджеттен сол жердің инфракструктурасының одан әрі дамуына нақты ақша бөледі. Сонымен бірге мемлекет көрікті аймақтар мен экотуризм нысандарына шетел инвесторларын көптеп тартады екен. Осының нәтижесінде Швеция Еуропадағы экотуризм жөнінен ең көп турист келетін және сәйкесінше ең көп табыс табатын мемлекет болып табылады. Осы тәжірибе арқылы айқындасақ елімізде табиғаты көркем, керемет жерлер өте көп. Көрікті аймақтарға Швеция тәрізді арнайы жоспармен экотуризмді дамытса біздің де табыстың шыңына жетеріміз анық.

Экотуризмді дамытуда Коста- Рика тәжірибесін пайдалансақ Латын Америкасының көптеген мемлекеттері өздерінің табиғаттарына кері әсерін тигізіп жатқанда, Коста-Рика мемлекеті табиғатқа қарсы қол ұшын тигізбей, табиғатты қорғау мақсатында тиімді заңдар қабылдаған. Сол заңдардың нәтижесінде қазіргі таңда бұл мемлекет әсем табиғатының ерекшелігімен экотуризмнен үлкен табыс алып, мемлекеттік бюджетін

осы сала арқылы жоғарғы деңгейге жеткізіп отыр. Қазіргі кезде Коста-Рика халқының жағдайы керемет, өмір сүру ұзақтығы әлемдегі ең жоғары болып табылады. 1996 жылы Пакистан Үкіметінің тау шыңдарына шығуға лицензия сатудан жиналған қордың мөлшері АҚШ-тың 390800 долларына жетті. Экологиялық туризмнен түскен табыс тау ландшафтасының сақталуы мен қалпына келтірілуіне жұмсалады.

Қазақстан туристік рынокта көлемі бойынша және табиғаты көрікті, рекреациялық бай өлке екендігі айқын. Соңғы статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанға шет мемлекеттерден демалыс мақсатында туристердің көп келуі анықталды және Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония мемлекеттері мен т.б шет мемлекеттер Қазақстанның экологиялық турларына жоғары деңгейде қызығушылық туғызатынын айқындалды. Болжам бойынша 2020 жылы Қазақстанды экотуристік бағытта дамытуда 1 млрд көлемде қаражат салу қажеттігі анықталды. Сондықтан елімізде іскерлік туризмі мен экотуризм бағытындағы туристік өнімді жоғарғы деңгейде дамытуымыз қажет. Жыл сайын шет мемлекеттерден Қазақстанға іскерлік мақсатта келеді. Жалпы туризмнің 72% іскерлік туризмі. Қазақстан Республикасы

статистика агенттігі мәліметі бойынша еліміздегі келу туризмі бойынша соңғы жылдары төмендегідей көрсеткішке ие болған (Мониторинг-2,3). Еліміздегі ең алғаш өткізілген «Белуха-2002» (Шығыс Қазақстан обл, Қатон - Қарағай ауданы) Халықаралық туристік фестиваль таулы Алтай бөктерінің ерекше табиғатын, экологиялық туризмді насихаттаған болатын. Әлемдегі халықаралық туризм дамыған Америка, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Ресей, Украина елдерінен 260-тан аса адамдар жиналған мұндай шара елімізге келген қонақтардың ағымын ұлғайтады. Алматы, Астана, Ақтау қалаларында өткізіліп жүрген Халықаралық көрмелер Бүкіләлемдік Туристік Ұйымның шаралар күнтізбегіне еніп, жыл сайын ұйымдастырылуда.

Мониторинг-2

Қазақстандағы келу туризмі мониторингі (ҚР Статистика агенттігі)



Мониторинг-3

Қазақстандағы экотуризм бағытындағы турлар мониторингі



Болашақта еліміздегі аймақтар бойынша экотуризмді дамыту бағыттарын анықтау арқылы Оңтүстік Қазақстандағы Іле Алатауы аймағында альпинизм, спорттық және танымдық туризмді дамытуға әсерін тигізетін таулы массивтер (мұздықтар, шығуы қиын тау шыңдары, таудағы өзендер және т.б.) туристік қызмет пен демалысты ұйымдастыруда маңызды аймақ. Солтүстік Қазақстан аумағындағы республиканың негізгі табиғи ресурстары (Баянауыл, Көкшетау таулы массивтері мен көлдері) минералды сулардың қоры мен аймақтың климаттық жағдайына байланысты емдік, спорттық экотуризм түрлерін дамытуға алғышарттар жасайды. Орталық Қазақстан климатының құрғақтығына жекелеген жерлерде халықтың демалысы мен туристік қызметті ұйымдастыру, минералды су көздері орындарының болуы бальнеологиялық мекемелер құрудың мүмкіндіктерін туғызады. Республикадағы орман қорының 60% пайызы шоғырланған минералды су көздері мен биік тау ресурстарына бай Шығыс Қазақстан экотуристік қызметті қалыптастырудың орталығы бола алады. Мұндағы қарлы қыс тау шаңғысы және жаяу жорық экотуризмін дамытудың ролі жоғарғы деңгейде (Кесте-1).

Кесте-1

Қазақстан аумағында экотуризм түрлерін дамыту

Оңтүстік	Солтүстік	Орталық	Шығыс	Батыс
Тау туризмі	Шаңғы	Экскурсия	Тау туризмі	Су туризмі
Жаяу жорық	Жаяу жорық	Су туризмі	Танымдық	Жаяу жорық
Велотуризм	Экскурсия	Спелотуризм	Экскурсия	Экскурсия
Экскурсия	Емдік	Тарихи	Емдік	Тарихи
Тарихи			Шаңғы	Танымдық

Қорыта айтқанда экологиялық туризм қазіргі танда әлемде болып жатқан экологиялық мәселелерді шешудегі мемлекеттің тұрақты дамуына жетуінің бір жолы бола алатын туризм саласының бір бағыты болып табылады. Экологиялық туризм әрбір мемлекеттің туризм саласында орнығатын болса, онда экологияның да тұрақтануы байқалар еді. Себебі, экотуризм табиғи ресурстарды, табиғи ландшафтар мен кешендерді сақтауға, туристік ағымдардың біркелкі таралуына үлкен үлесін тигізеді. Қазақстандағы туризм дамыған таулы аймақтарда экологиялық туризмді дамыту арқылы еліміздің жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғаймыз. Әлемдік тәжірибелердің тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы

рекреациялық ресурстарымызды қорғау жұмыстарын жандандырамыз. Еліміздегі экологиялық туризм салаларын жан-жақты дамыту, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамыту арқылы ұлттық экологиялық мәселелерді шешу мүмкіншіліктерін арттырамыз. Еліміздегі экотуризмді дамыту арқылы экономикалық жағдайымызды жақсартамыз, әлемдік деңгейдегі мәртебемізді айқындаймыз, бәсекеге қабілетті өркениетті мемлекеттер қатарында боламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

2. Ердавлетов С.Р. Основы географии туризма: Учебное пособие. Алма-Ата : КазГУ, 1991.

3. Карпова Г.А. Экономика современного туризма. - СПб., 2001.

4.А.В.Бабкин Специальные виды туризма учебное пособие Москва 2003г

5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.

6.Декина В. С. Анализ современного состояния ресурсов США// www.wsu.m/Vtravel, 2000.

7.Храбоченко В.В. Экологический туризм Москва 2010г

8. Долженко Г. П. История туризма в дореволюционной России и СССР. - Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского университета, 1988.

9.Захаров П. П. Западный Кавказ. Узункол - М.: Издатель И.В. Бабанов, 1999.

10. Кропф Ф. А. Спасательные работы в горах. - М.: Физкультура и спорт, 1966.

11. Штюрмер Ю. А. Охрана природы и туризм. - М.: Физкультура и спорт,1974.

12.С.Р.Ердаулетов.Проблемы и перспективы казахстанского туризма.Алматы,1997г

13.В.Н.Вуколов. Экономика и география туризма. Москва.1984г.

14.Алиева Ж.Н. Экологический туризм. — Алматы, 2002.

15. Сергеева Т.К. Экологическая туризм Учебник М:.Финансы и статистика 2002г

16.Закон РК «О туризме», Постановление РК 3.07.1992г.Алматы.

17. Садыкова Д.А.Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.2010ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ

Махашева А.С.

Айгужина С.У.

Егемен Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы өте күрделі кезеңдерде жүріп жатыр. Қазір мемлекетіміздің қалыптасуының күрделі мәселелерінің маңыздыларының бірі – аумақты кеңістікте ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсету.

Мемлекетіміздің “Қазақстан - 2030” стратегиялық бағдарламасына сәйкес ұстанып отырған саясаты - ел бірлігін сақтау, халықтың тұрмыс тіршілігін, өмір сүру сапасын жақсарта отырып ел аумағын кеңістікте тиімді орналастыру болып табылады.

Қазақстан республикасы Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 13394 км болса, оның 2000 км-ден астамы теңізбен. Қазақстан бастыста, солтүстік-батыста және солтүстікте 7591 км Ресеймен шектеседі.

Республиканың Алтайдан Тянь-Шаньға дейінгі 1782 км созылып жатқан шығыс шекарасы Қытай Халық Республикасымен арадағы мемлекеттік шекара болып табылады. Ал оңтүстігінде тәуелсіз мемлекеттер: Түрікменстанмен – 426 км, Өзбекстанмен – 2354 км, Қырғызстанмен – 1241 км шектеседі. Республиканың шекарасы батысында – Каспий маңы ойпаты мен Жалпы Сырт қыратының біраз бөлігін, солтүстігінде Батыс Сібір жазығының оңтүстігін, оңтүстігінде Тұран ойпатын, ал шығысы мен оңтүстік шығысында Алтайдың батыс бөлігінің, Саур, Тарбағатай жоталарының, Жетісу (Жоңғар) Алатауының негізгі бөлігін және Тянь-Шаньның солтүстік жоталарын басып өтеді.

Туристік инфрақұрылымның дамуы өз кезегінде ішкі және сырқы туризм өрісінің кеңеюіне жол ашып береді. Біздің мемлекетімізге келген туристер көбінесе трансшекаралық туристік инфрақұрылымымен байланыста болғаны анық. Сол себепті, біз Қазақстанның трансшекаралық туристік инфрақұрылымының дамытуына және жандануына мән беруге тиіспіз.

Қазақстандағы тансшекаралық туристік нысандарға республиканың шекара аймақтарында ораласқан табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуеп ету орындары жатады. Әсіресе батысында Маңғыстау өңірі, шығысында Алтай өңірі, оңтүстігінде Жетісу алабы және оңтүстіктегі көне тарихи қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол.

Еліміздегі туризм саласындағы серіктестікті нығайту тараптары:

1. Шекара аумағындағы мекендердің туристік қорын ескере отырып, арнайы туристік маршруттарды құру, көрікті жерлерді аралау, демалу, шипажай, тауар сатып алу, сауық құру секілді туристік бағыттарды дамытуға.

2. Туризмге қолайлы жағдай тудыру үшін серіктестікті нығайту, туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқыс оқиғалардың орын алмауын қадағалауға.

3.Туристік өнімдер маркетингі саласында серіктестікті нығайту, арнайы туристік кадрларды даярлау және туристік ақпарат алмасуға ниетті.

Халықаралық Алтай өңірі елдерінің мүмкіндігі жоғары іскерлік бағыттары:

1. Кен және металлургия. Өлке табиғи ресурстарға өте бай, әсіресе полиметалл, темір кендері және отын-энергетикалық ресурстар және т.б. Олардың әлі толықтай барланбаған және резервтік қорлары бар. Бұл мемлекеттердің бірлесіп мықты, бәсекеге қабілетті инустриялды-экономикалық істестік құруына жақсы мүмкіндіктер туғызады.

2. Ауылшаруашылығы. Алтай өлкесінің табиғи жағдайлары егін егуге және малшаруашылығын дамытуға өте қолайлы. Шығыс Қазақстанда марал және омарта шаруашылығы дамыған. Қазіргі таңда аймақта өндірілетін бал, панты (мүйіз) өнімдері шетелдерде де танымал, алдағы уақытта тауар маркісін жасау жұмыстары алға қойылған. Аймақтың шаруашылығы экологияны жасылдандыруға және таза өнім шығаруға бағытталған. Экспорттық ауылшаруашылығын дамытудың мүмкіндіктері өте зор.

3. Туризм. «Алтай - алтын таулары» трансшекаралық туристік сақиналық маршруты мүше мемлекеттер үкіметтерінің бекітуінен өтіп, туристік фирмалар жағынан басталып та кетті. Бұл осы өңірдегі жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеруге оң әсерін тигізеді.

Бүгінгі таңда халықаралық Алтай өңірі деген үлкен бір географиялық ұғым, оның қамтитын аумағы: Қытайдың Шыңжан Алтай аймағы - Өр Алтай; Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысы - Кенді Алтай; Ресейдің Алтай шекара ауданы - Таулы Алтай және Монғолияның Қобда, сондай-ақ Баян-Өлгей аймақтары. Жалпы жер көлемі 78 мың км2 , халық саны 5 млн-нан астам. Қазақстандық Алтай өлкесі, бұл - Алтай тауларының оңтүстік бөлігінде орналасқан Шығыс Қазақстан облысы (Кенді Алтай). Жер көлемі 283,3 мың км2 , 2015 жылғы мәлімет бойынша халық саны 1 395,2 мың адам. Қытай Алтайы - Қытайдың солтүстік-батыс шекарасында орналасқан аймақ. Әкімшілік құрылымы Шыңжан-ұйғыр автономиялы ауданына қарайды. Жер ауданы 117 мың км2 , халық саны 2015 жылғы соңғы деректер бойынша 700 мың адамды құрайды.

Ресейлік Алтайға Алтай өлкесі кіреді. Алтай өлкесі – Ресей Федерациясының субъектісі, Сібір Федералдық округінің құрамындағы аймақ. Халық саны 2 384,7 мың адам, жер көлемі 167 996 км². Монғолияның Алтай өлкесіне Баян-Өлгей мен Ховда аймақтары кіреді. Баян-Өлгей аймағы - Монғолияның ең батыстағы, ең биік таулы аймағы. Баян-Өлгей аймағының жер аумағы

- 45 705 км², халық саны 91,470 адам. Ховда аймағы - Монғолияның батысында орналасқан. Халық саны 91,687 адам, ал жер аумағы 76,100 км² құрайды.

Каспий теңізі - Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Иран және Түркіменстан бес мемлекетті біріктіретін үлкен тұйықталған су қоймасы. Сондықтан Маңғыстау облысында теңіз туризмін дамыту тиімді болмақ.

Қазақстан аймағында туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіншіліктер бар. Түрлі еуропалық және азиялықнарықтағы ахуалды зерделеу нәтижесінде мынадай қорытынды шығаруға болады:

- Тұтастай алғанда Орталық Азияның әне дәлірек айтқанда Қазақстанның әлі де болса халықаралық туристік бағыттар бөлігіндебелгісіз болып қалып отыр.

- «Қазақстан» сөзі жиі танылады, бірақ әлі де арнаулы туристік имиджі жоқ.

- Еуропалық та, азиялық та туристік нарықта салыстырмалы түрде Қазақстанға келуге деген үлкен қызығушылық байқалады, мұның өзі нақты болашақта шетелдік туристер ағынының ұлғаю мүмкіндігін көрсетеді.

-

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008.

2. Башмаков А. Межрегиональное и приграничное сотрудничество Казахстана и России. Ж//Саясат, №1, 2005, с. 39.

3. А.Секенұлы, З.Т.Ауезова, А.М.Адилханова. Халықаралық Алтай өңіріндегі елдердің іскерлік бағыттағы экономикалық мүмкіндіктері. // Вестник ВКГТУ, №3, 2015, 91-95 с.

4. Гельдыева Г.В., Надыров Ш.М. Роль межгосударственных факторов в регулировании и управлении развитием Аральской природно-хозяйственной системы. // "Гидрометеорология и Экология», Алматы, 2002, №4, с. 175-190.

5. Бильчак В.С., Захаров В.Ф. Региональная экономика. Калининград, 1998. С. 40.

6. Маматканов Д.М., Проблемы использования водно-энергетических ресурсов региона в третьем тысячелетии и их межгосударственная интеграция. // Материалы II-ой международной научно-практической конференции «Экономическое сотрудничество в Центральной Азии: возможности, формы, механизмы

реализации» 2-3 июня 1998 г., Бишкек, 1998. - С. 155-159.

7. Бандман М. К. Подход и основные этапы решения задачи оптимизации формирования ТПК. // Моделирование формирования территориально-производственных комплексов. – Новосибирск: ИЭиОПП, 1977. С.-100.

8. Основополагающие принципы устойчивого пространственного развития Европейского континента. Проект. Февраль 2000 г., Ганновер, 7-8 сентября 2000 г.

9. Надыров Ш.М. Синьцзян - Уйгурский Автономный Район в динамике экономических и политических отношений РК и КНР. Казахстан –Спектр, 2006,№1, с.14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Мамирова К.Н.

Надыров Ш.М.

Сағатова М.Б.

Каирова А.К.

Накысжан А.Д.

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туризм ұйымы мәліметтері бойынша, туризм әлемдегі тек автомобильдер, химиялық заттар мен отын өнімдерін экспорттаудан кейінгі тауарлар мен қызметтер экспорты бойынша төртінші орынды алады (7,4%), [1]. Кіріс тұрғысынан бұл сала мұнай өндірісі мен автомобиль өнеркәсібінен кейін әлемдегі үшінші орынға ие.

Туристік-рекреациялық әлеует абстрактілі тұтастық ретінде қарасақ келесідей құрамдас элементтерді қамтиды: ресурстық, материалдық-

техникалық, кадрлық, заңнамалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық, ғылыми және техникалық [2].

Ресурстық әлеует. Жоғары туристік және рекреациялық әлеуетке ие Қазақстан туризмнің жеткіліксіз дамыған деңгейімен сипатталады. Оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі шамамен 0,3% құрайды. 2014 жылы туризмнен түскен кіріс көлемі 145,3 млрд. Теңгені құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 2 есе (77,6 млрд. Теңге). Республика бюджетіне төленген салық 20,6 млрд. теңгені құрайды. Осы салада жұмыспен қамтылғандар саны 158,7 мың адамды құрады [3].

Қазақстан аумағында әр экономикалық аудандарында түрлі туризм саласын дамытуға болады. Аудандардың физикалық-географиялық, экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып әр ауданда дамытуға мүдделі туризм түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Солтүстік Қазақстан ауданы: рекреациялық, спорттық, өзен және кәсіпкерлік;
2. Оңтүстік Қазақстан: қажылық туризмі - Түркістан қаласындағы қасиетті орындардың болуына байланысты; мәдени және танымдық - Ұлы Жібек жолының тарихи қалаларында;

экологиялық - Арал теңізінің жаһандық экологиялық апатына байланысты;

3. Батыс Қазақстан: кәсіби-іскерлік және су туризмі, әлемдегі ең ірі көлдің Каспий теңізінің осы аймақта болуынан;
4. Шығыс Қазақстан: рекреациялық, тау, спелеотуризм;
5. Орталық Қазақстан: ностальгиялық (достар мен туыстары бар), аңшылық (сафари) және емдік.

Талдау жұмыстарын жүргізу арқылы Қазақстан аудандарының туристік-рекреациялық әлеуеті сипатталды.

Кесте 1. Қазақстан аудандарының тартымдылық критерияларының баллдық көрсеткіштерарқылы бағалануы (5 баллдық шкала бойынша)

Тартымдылық критерийлері (балл бойынша)	Аудандар				
	Орталық Қазақстан	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Батыс Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан
Бай табиғи ландшафт	3,9	4,1	3,8	3,8	4,4
Қызмет көрсету сапасы	2,3	3,0	2,4	2,7	2,4
Дамыған туристік инфраструктура	3,4	2,6	3,3	3,1	3,3
Туристтердің қауіпсіздігі	3,4	3,5	3,2	3,4	2,7
Көрсетілетін қызметтердің бағасы	2,0	1,8	2,0	1,9	2,1

Кесте 2. Қазақстан Республикасы аудандарының рекреациялық әлеуетіне сипаттама

Қазақстан Республикасының аудандары	**Ауданның туристік әдеуетінің сипаттамасы**
Солтүстік Қазақстан Ақмола облысы Павлодар облысы Солтүстік-Қазақстан облысы Қостанай облысы	Ландшафт, ауданның климаттық жағдайлары туристік демалыстардың әр түріне – автомобильді, велосипедті, су және т.б. ынғайлы. Көкшетау, Баянауыл курорттары демалысты емдік іс-әрекеттермен ұйымдастырса, Қорғалжын мен Наурызым қорықтары ғылыми туризм өкілдеріне қызықты.
Батыс Қазақстан Ақтөбе облысы Маңғыстау облысы Атырау облысы Батыс-Қазақстан	Мұнда дүние жүзіндегі тереңдігі жөнінен екінші орын алатын, мұхит деңгейінен 132 м төмен жатқан Қарақия ойысы орналасқан. Каспий

облысы	теңізі, Жайық өзені, Маңғыстау түбегі, Үстірт қорығы, ескі және жаңа қалалар, археологияылқ ескерткіштер,Хорезм мен Ираннан шыққан ежелгі сауда жолдары – осының бәрі батыс аймақта орналасқан.
Орталық Қазақстан Қарағанды облысы	Балқаш көлі – дүние жүзіндегі ең үлкен көлдердің бірі, бірегей қарқаралы таулы-орманды оазис, Шайтанкөл. Археологиялық және этнографиялық объекттер сақталған көптеген жерлер орналасқан.
Оңтүстік Қазақстан Алматы облысы Жамбыл облысы Оңтүстік Қазақстан облысы Қызылорда облысы	Ежелгі қала Сайрам (Исфиджаб), Абдул-Азиз-Баба мазары, Карашаш-Ата базары. Ерекше көрікті жер - әлемге әйгілі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Ақсу-Жабағалы қорығы, Қарахан мен

	Шамансур кесенесі , Архыташ археологиялық ескерткіш, Айша-Бибі мен Бабаджа-қатын кесенелері.
Шығыс Қазақстан Шығыс-Қазақстан облысы	Ашық аспан астындағы сирек кездесетін минералдар мұражайы, археологиялық ескерткіштер, Марқакөл және Батыс-Алтай қорығы, Рахман сулары. Себин көлі, Бұқтырма және Новоульбинский су қоймасы, Еңлік үңгірі, марал шаруашылығы.

Туризм ұлттық экономиканың саласы ретінде өнім мен сұраныстың нарықтық санаттарына сәйкес келетін өнім шығарады. Осыған байланысты шетелдік нарықтарға бағдарланған халықаралық нарықты және Қазақстан азаматтарына арналған ішкі бағытты ажырата білу қажет. Халықаралық туристік нарық бүгінгі күні миллиондаған доллар айналымы және қатал бәсекелестік күресі болып табылады, сондықтан бірінші кезектегі міндет - Қазақстан үшін ерекше ерекшеліктері бар және сұранысқа ие туристік өнімнің анықтамасы.

Қазақстан туристік және рекреациялық ресурстарға бай, әсіресе тартымды тау, рекреациялық, табиғи, су, экскурсиялық аймақтардың бар екендігін атап өту керек. Бұл база туристік туризмнің кедергісіз дамуына жағдай жасайды. Қазақстанның табиғи және рекреациялық әлеуеті, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктер, ақыл-ой мен салт-дәстүрлер шетелдік туристерге тартымды, себебі олар Еуропа мен Азия нарықтарындағы ұсынылатын туристік қызметтермен қаныққан.

Туристік әлеует бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасады: туризм теориясы мен әдіснамасын дамыту; нарықтық қатынастарды қалыптастыру және

дамыту; туризмді басқару және технологиялар саласындағы инновациялар; ақпараттық-техникалық сүйемелдеу жүйесін дамыту; шығармашылық қызметтің және кадрлардың біліктілігін арттыру. Осылайша, ол барлық компоненттерінің мүмкіндіктерінің біріктірілген нәтижесі ретінде қалыптасады.

Дамудың сапалы жаңа деңгейіне көшу, туризмнің тиімділігін айтарлықтай арттыру туризмнің ресурстық, ұйымдастырушылық, техникалық, ғылыми, әдістемелік және кадрлық ресурстарын қарқынды және теңгерімді дамытуды талап етеді. Осындай түрдегі трансформациялар, сонымен бірге, қызметкерлердің кәсібилігі мен олардың жауапкершілігі айтарлықтай өскенше, қалаған нәтижеге қол жеткізілмейді. Туризмнің ресурстық базасы туристік өнімді құруға қолайлы табиғи және жасанды түрде құрылған объектілердің тіркесімін білдіретін туристік және рекреациялық ресурстардан тұрады. Туристік ресурстар әртүрлі табиғи, мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық объектілер мен құбылыстардан тұрады, олар туристік қызметтер көрсету үшін негіз болып табылады [4] .

Қазақстан Батыс пен Шығыстың арасында халықаралық туристік және сауда ағындары үшін мүмкіндіктер жасайтын тиімді географиялық жағдайға ие.

Қазақстан әлемдегі көлемі жөнінен тоғызыншы орынға ие, онда қар және мұздақтардан бастап, құмды шоқтарға дейін және тау шыңдары бар. Табиғи ландшафттар спектрінде бірегей болып табылады, олар таңғажайып әртүрлілікпен, сыртқы белсенділіктерге жетпейтін мүмкіндіктермен ерекшеленеді.

Мемлекеттің туристік саясаты оның тек ішкі жағдайларына қарап құрылмайды. Халықаралық туристік нарығына шығатын кез-келген мемлекет өзге елдермен немесе тұтас әлемдік аудандармен күрделі қарым-қатынастар жүйесіне түседі. Мемлекет өз аумағының туристік-рекреациялық әлеуетін толықтай пайдалана алған кезде, өз туристік саясатын дұрыс құрып оны дұрыс жүзеге асырған кезде ғана, әлемдік туристік нарығында өз орнына ие болады [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. UNWT0 и статистика Казахстана / Модель прогноза // [ЭР]. Режим доступа: stat.kz
2. Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 г.: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 февраля 2013 г. № 192.
3. ЭР]. Режим доступа:stat.kz
4. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы: Атамура,2000.-336с.
5. Туризм Казахстана. 2010-2014 гг. Статистический сборник / Под ред. А.А.Смаилова. -Астана, 2015

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Садыкова Дамежан
Аметова Бибігул
Әділхан Қуаныш

Түйіндеме: Халықаралық туризм - бұл өте күрделі және сирек кездесетін құбылыс. Бәрімізге белгілі, мемлекеттің сыртқы экономикалық байланысы айырбастың әр түрлі формалары арқылы іске асады; аманат кассасындағы ақша, шетелдік салымдар, халықтардың көшіп-қонуы, мәдениет төңірегіндегі айырбас, сауда қызмет көрсету және тағы басқалар. Халықаралық туризм - қазіргі кезеңде мемлекеттердің ішкі және сыртқы экономикалық-әлеуметтік дамуы мен әлемдік экономиканың, сыртқы сауда, халықаралық қатынастардың нығаюына әсер етеді. Сыртқы экономикалық байланыстар,шетелдік инвестиция, миграция, қаржы саласы, сауда, мәдени-тарихи байланыстар, бір-бірімен іс-тәжірибе алмасу арқылы жүзеге асырлады. Кез-келген мемлекеттің ішкі және

сыртқы экономикалық дамуы мемлекеттің қаржы айналымы мен сауда қатынастарына байланысы айқындалады. Халықаралық туризм туристік іс-әрекеттің жан-жақты салаларының дамуы мен ерекшеленеді. Халықаралық рынокта туристік қызмет түрлерінің сұранысқа ие болуы, ондағы қызмет түрлерінің (тамақтану, қону, экскурсиялық іс-әрекеттердің) әлемдік деңгейге сәйкес болуы халықаралық туризмнің дамуын айқындайды. Қазіргі уақытта халықаралық туризмді ұйымдастырудың жаңа формалары қалыптасты.Туристік фирмалар мен тур агенстволардың қызметінің бәсекелестігі мен көлік қызметтінің дамуы, жарнамалық және ақпараттық іс-әрекеттің сұранысқа сәйкес болуы қамтылды. Халықаралық туризм халықаралық қатынастардың бір саласы болғанымен сыртқы экономикалық байланыста өзіне тән өзгешелік пен ерекшеленеді. Біріншіден, халықаралық рынокта сатып алу, сатуда қонақ үй, тамақтану базасы, экскурсия, тұрмыстық қызмет түрлері т.б. қызмет түрлері тауар ретінде туристерді қызықтыруы қажет. Туризм дамыған аймақтағы туристік рекреациялық ресурстар экономикалық - әлеуметтік тұрғыдан маңызды деп саналады.

Екіншіден, туристерге тауар және қызмет өнімдері қозғалыссыз орында қажеттіліктерді қанағаттандырады. Халықаралық экономикалық байланыстардың айырықша түрі болып табылатын халықаралық туризм қазіргі кезде жедел дамып келеді.

Халықаралық туризмнің дамуына жәрдемін тигізетін негізгі факторларды статикалық және динамикалық деп екіге бөлуге болады. Оның біріншісіне жататындар: табиғи-географиялық факторлар жиынтығы. Олардың өзгермейтін және келе бермейтін маңызы бар. Адам оны тек қана өзінің керегіне ыңғайлап, пайдалануға қолайлы етеді. Екіншісіне жататындар: демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, материалдық-техникалық және саяси факторлар. Бұл факторлардың бағасы мен маңызы кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп тұруы мүмкін.Халықаралық туризмнің дамуының табиғи-географиялык факторлары сұлу, бай табиғат, климат, жер бедерлерінін көрінісінен табылады. Табиғаттың жаратылысы бойынша рекреациялық шаруашылыққа дейін табиғи элементтер мен кешендер алғашқыда рекреациялық іс-әрекеттің жағдайы ретінде болады.

Рекреациялық сұраныстың пайда болуының арқасында оларға баға беріліп, технологиялық деңгейге дейін жеткізілінеді, содан кейін туристік-рекреациялық ресурсқа өтеді.Сол сияқты процестер әлеуметгік-экономикалық объектілер экскурсиялық туристік-рекреациялық ресурстарға өткенде де қайталанады.Сұраныстың көбеюі және рекреациялық құндылық мөлшерінің дамуы халықтың мәдени деңгейінің көтерілуі пайдаланылатын объектілердің шеңберінің кеңеюіне әсерін тигізеді, олардың көбісі арнайы өңдеуден өткеннен кейін экскурсиялық шараларға ұсынылады. Әлемдегі демографиялық факторлардың екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін бірқатар жалпыға бірдей сипаты болды. Бұл кезеңнің ерекшелігі - әлемдегі, еуропалық елдердегі және дамушы елдердегі халықтың санының өсуі. Әлемдегі халықтың санының өсуінің қарқынына тура сәйкес туристердің де санының өсетіндігін зерттеулердің нәтижесі көрсетеді. Жердегі халықтың орналасуының жылдамдығы тұтынушылар санын өсіріп, туристік нарықты кеңейтеді. Соңғы он жылдықтағы демографиялық

жарылыс дамушы елдерде ғана болып жатыр, ондағы төменгі өмір деңгейі,

кедейшілік жалпы демалыс пен туризмді ұйымдастырудың жолындағы басты кедергі болып табылады. Туристердің негізгі санын өсіріп отырған индустриясы дамыған елдерде оған керісінше, туудың төмендеуінен халықтың саны нашар өсуде. Экономикалық және демографиялық өсудің полюстерінің болуы әлемдегі туристік сұраныстың қалыптасуына территориялық теңсіздік туғызады. Халықтың жас құрамы туристік сұранысқа елеулі әсерін тигізеді. Өркендеген Батыс елдерінде туристік сұраныс негізінен 30-50 жастың арасына келеді. Дегенмен, соңғы жылдары туризм нарқында жасы 55-70 жоғары адамдардың да саны өсуде.Урбандалу процесі қалаларда көрініп келе жатыр. Әсіресе ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде халқы өсіп, экономикасы дамып, урбандалу процесі индустриализацияның басталуымен едәуір жылдамдады. Жер шарының тұрғындарының жартысы қалаларға жиналған, оның саны өсе түсуде. Қазіргі ірі қала адам өміріне екі жақты әсерін тигізеді. Бір жағынан, адамдардың материалдык-техникалық,

әлеуметтік-экономикалық жағдайлары жақсарса, екінші жағынан, қала өмірінің жылдамдығынан, ауасының ластануынан адамның жүйкесі мен психологиясына қысым көбейеді. Туристік сұраныс пен рекреациялық қажеттіліктің қалыптасуында урбандалудың рөлі зор. Қала неғұрлым үлкен болса, оның тұрғындарының демалысты қаладан тыс жерде өткізуге ынтасы соғұрлым жоғары болады.Халықаралық туризмнің өсуінде әлеуметтік-экономикалық факторлардың ерекше маңызы бар. Оның ішінде басты орын алатыны — ұлттық табыс. Ұлттық табыстың өсуі мен саяхаттардың көбеюінің өзара байланыстылығы әбден қисынды және түсінікті. Бірақ та туристік саяхаттың көбеюі — адамның жақсы тұрмысына ғана тәуелді емес, сонымен қатар бос уақыттың ұзақтығына да байланысты. Соңғы 15-20 жылда Еуропа елдерінің көбінде адамдардың бос уақыты едәуір ұзарды. Төленетін жылдық демалыстың ұзаруы қазіргі болып жатқан ғылыми-техникалық революцияға байланысты болып отыр, өйткені онда ақыл-ой еңбегі артады, өндіріске және тұрмысқа ынта қою күшейеді, қоршаған ортаның жағдайы нашарлайды. Міне, осының барлығы адамдарға физикалық және

психологиялық қысым туғызады және олардың еңбек қабілетін қалпына келтіруді қажет етеді. Белсенді демалыс туризм арқылы, бұл мақсаттар жылдам және тиімді орындалады.Халықаралық туризмнің өсуіне әсерін тигізетін әлеуметтік-экономикалық факторларға жатқызуға болатындар: халықтың білімі мен мәдениет деңгейінің жоғарылауы және эстетикалық талғамының өсуі. Әрине, халықтың ондай талғамдары туристік саяхаттар кезінде ғана толықтырылады.Туристік іс-әрекеттің жиілігі мен белсенділігіне және мөлшерінің көтерілуіне жасалынатын маңызды жағдай- ол халықтың нақты табысының өсуі. Қазіргі шақта жер шарының әрбір тұрғыны XIX — XX ғасырларда тұрған өздерінің ата тегінен орташа есеппен 4,5 есе бай тұрады.

Материалдық тұрмыс жағдай деңгейінің өсіп жақсаруымен жеке тұтыну құрылымында заңдылық түрде өзгерістер болады.Мамандардың талдауына қарасақ, жан басына шаққандағы ұлттық өнімнің жалпы көрсеткіші мен азаматтардың көшіп-кону рекреациясының арасындағы тура сәйкестіктігін байқаймыз. Бұндай зерттеулер елде өмір деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым демалыс кезіндегі

саяхатшылар да көп болатындығын көрсетеді. Өткен дәуірлерде бос уақытты қоғамның жеке тұлғалары ғана пайдаланса, онан айырмашылығы - XX ғасырда әлеуметтік сферада нағыз төңкеріс болды, яғни ол жаппай халық үшін туризмге даңғыл жолы ашылды.Халықаралық туризмнің көтерілген шағы XX ғасырдың 30-шы жылдары болды, бұл кезде индустриалды дамыған елдер жалдаған жұмысшылардың еңбек жағдайын реттейтін заңдар қабылдады. Ол адамдардың демалысқа құқығын бекітті.Туризм үшін ерекше маңызы болғаны демалыстардың енгізілуі; олар АҚШ-та (1914),Жаңа Зеландияда (1919),КСРО-да (1922) және бірнеше елдерде енгізілді. Қазіргі шақта 500 млн нан астам жалданған жұмысшылар, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Америкада, жылсайын төленетін демалыс алуға құқық берілді, бұл дегеніміз нақты туристік көрсетілетін кызметті

тұтынушылардың пайда болуы. Белсенді туристік іс-әрекет үшін бос уақыт қорыныңболуы жеткіліксіз. Жаппай туристік қозғалыстың калыптасуы үшін еңбастысы-өмір деңгейінің көтерілуі ол екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін ғана басталды. Қоғамның

әлеуметтік-кәсіптік құрылымы басқа факторлар сияқты туризмнің дамуына өзінің әсерін тигізеді. XX ғасырдың басталуына дейін туризмде аристократтық сипат болды. Туризм туралы өте ертемәлімет Антикалық дәуірге жатады. Ежелгі ерте замандағы гректер мен римдіктер ең алғашқы болып теңіз арқылы да және жер бетімен де саяхатқа шығып тұрды. Кейінгі ортағасыр дәуірінде ағылшын қоғамының аристократтар шеңберінде гранд-тур деген жаңа қоғамдық құбылыс пайда болды. Ауқатты ағылшындар балаларының оқуын шетелде жалғастыру үшін 2-3 жылға балаларын оқуға жіберіп тұрды.

XX ғасырдың 50-ші жылдарындағы Еуропадағы туристік сұраныстың қалыптасуы төмендегілердің үлесіне жатты;

американдық өмір стилін қабылдаған басқарушылар мен бизнесмендер;

өндірістегі жоғарғы топтардың, мемлекеттік аппараттардың, технократтардың, курорттарға барып демалуды қоғамдық статустың белгісі ретінде санайтындардың;

- қоғамдағы қатарын мойындауды аңсайтын, сол үшін барлығын төгіп демалуға барып, өзінше

байлығын көрсетуге тырысатын әлеуметтік аз топтар (мысалы еврейлер);

-Ұлыбритания, Франция және басқа да Батыс елдерінің туризм секторларына орналасқан иммигранттар (итальяндар,египеттіктер, фектер, армяндар). Олар осы елдердің туризмінің дамуына себебін тигізді.

Жаңа әлеуметтік топтың әсерімен, әсіресе жастардың бастауымен 60-шы жылдары туристік үлгінің түрі маңызды өзгеріске ұшырады. Хиппи, панки, ал кейінірек "жасыл" және кейбір солшыл мәнді қозғалыстар адамның ойлау кабілетіне және қоғамның тұтыну түріне тура әсерін тигізді.

Халықаралық туризмнің өсуінде материалдық-техникалық факторлардың маңызы зор. Олардың ішіндегі ең бастылары: орналастыру орындары, көлік, қоғамдық тамақтандыру мекемелері, бөлшек саудалар және т.б. Туристерді орналастыру үшін арналған материалдық базасы туристік инфрақұрылымды құруда ең басты орын алады. Олар қонақ үйлері, пансионаттар, мотельдер, турбазалар, кемпигтер, жеке пәтерлер және т. б. Туристік саяхаттар кезінде түнеу орнымен қатар туристердің тамағын

ұйымдастыру да маңызды роль атқарады. Сондықтан да, туристердің көптігіне қарамай жылдам қызмет көрсетуге болатын үлкен мейрамханалар салынғаны жөн. Туристердің тамағын ұйымдастыруда туристік саяхаттардың мезгілдік ерекшеліктеріне байланысты күрделі мәселелер туындайды. Әдеттегідей, жаппай туристік ағым жазғы айларға келеді, сондықтан да азық-түліктің кейбір түрлерін жинап, қоймада сақгауға тура келіп тұр. Ол үшін арнайы тоңазытқыш қондырғылары керек. Қазіргі техникалық жетістіктер көптеген тамақтың түрлерін шағын пакеттерге салып, ұзақ қатырып консервілей алады. Ол туристердің тамақ мәселесін шешуге көмектеседі.Көлік материалдық базаның негізін құрайды. Қазіргі техникалық жетістіктер көлік сферасына елеулі әсерін тигізіп отыр. Қандай бір көлік болмасын оның динамикалық сапасы — жылдамдық. Адамдарды тасымалдайтын көліктердің жылдамдығы 1815 жылы 15 км/сағат болса, ал қазір олардың жылдамдығы 2000-2500 км/сағат. Әр түрлі көліктер үшін сапа көрсеткіші деп тасымалдаудың тұрақтылығын білеміз, бұл саяхатшылардың уақытын үнемдеуіне мүмкіндіктер туғызады.Темір жол көлігі қарқынды дамуда. Басқаға

қарағанда төменгі баға тарифі темір жол көлігін жаппай туризм үшін пайдалануға мүмкіндіктер береді. Теңіз және өзен жолаушы көліктерінің дамуы мен оныңмодернизацияландырылуы сумен саяхаттаушы туристерге жақсы жайлылық жасайды. Автомобиль көлігі өзінің тура байланысу мүмкіндігімен туристік саяхаттардың көбейіп өсуіне мүмкіндіктер жасауда. Тасымалдау бағасының төмендігі, темір жол көлігімен таласа алатындығын көрсетеді. Оның тағы бір артықшылығы: бір экскурсовод 30-50 туристке қызмет көрсете алады.Соңғы онжылдықта жеке меншіктегі жеңіл машиналар санының өсуі, уақытпен, маршрутпен және қозғалу графиктерімен санаспайтын, жеңіл машинамен туристік саяхаттың артықшылығын асырды. Егер де әлемде, жеке алғанда Еуразия контииентіндегі, саяси жағдайлар түсініксіз болып қала берсе, туризмнің дамуына себебін тигізетін барлық саналып айтылған факторлар өлі капитал болып қала берер еді. Халықаралық туризм, тіпті елдер арасындағы сәл ғана болатын шиеленіске де, өте сезімтал келеді. Мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастың тұрақсыздығы бұндай аудандарға туристік ағымды бірден қысқартады. Елдердің арасындағы

екіжақты немесе көпжақты тұрақтылық, бейбітшілік туристік алмасуды көбейтіп, өсіреді. Статистикалық мәлімет бойынша, соңғы екі онжылдықта Еуропадағы халықаралық туризмнің мөлшері жыл сайын өсуде.Парсы шығанағындағы әскери қозғалыстың кезінде Африка континентінде халықаралық туризм сферасында құлдырау байқалды. Жоғары дәрежедегі қауіптіліктен көп адамдар Египет пен Мароккоға сапар шегуден бас тартты. Тунис 1991 жылдың бірінші тоқсанында келетін туристік ағымның 80% жоғалтты. Қазақстандағы халықаралық туризмнің дамуында географиялық орны мен көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы, саяси тұрақтылығы мен экономикалық тұрғыдан даму бағдарламаларының жүзеге асырлуы маңызды факторы. Қазақстан қазіргі кезде 130 дан астам мемлекеттермен байланыс жасайды. Қазақстанннның ДТҰ мүше болып қабылдануы елімізде халықаралық туризм салаларының қарқынды дамуы көзделгендігін айқындайды. Еуропа мен Азияны байланыстырып тұратын «көпір» ретінде маңызды сауда жолының Қазақстан арқылы өтуі, ежелгі Ұлы Жібек жолының қайта жандандырылуы мемлекетіміздегі туризмнің халықаралық дәрежеде

даму мүмкіншіліктері бар екендігін айқындайды. Қазақстандағы табиғи байлықтар мен көрікті аймақтар болашақта шетел туристерінің қызығушылығын арттыратын ірі туристік орталық болатынын дәлелдеуде.Осыған байланысты еліміздегі табиғи, тарихи-мәдени ресурстарды қайта жандандыру, туризм дамытудың жаңа бағдарламалары мен бағыттарын қайта қарау, жергілікті халықтардың туризм туралы мәдениеті мен білімін қалыптастыру, экологиялық ортаны сақтау арқылы туристік қызмет көрсету кешендерін дамыту, елімізде білікті туризм мамандарын жетілдіру қажет екендігі атап көрсетілуде.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Александрова Ю.А. экономика и территориальная организация
международного туризма. Учебное пособие. М., 1996.
2.Ананьев М.А. Международный туризм. М., 1968.
3.Андреев А.И. Путешествия и географические открытия в XV- XIXв.в.
Москва., 1965.
4.Антошко Я.Ф. История географического изучения земли М., 1966.

5.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.
6. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамура,2000.
7.В.С.Преображенского. Теоретические основы рекреационной географии.М.Наука, 1975г.
8.С.Р.Ердаулетов. География туризма. А.2000г.
9.С.Р.Ердаулетов. История туризма,развитие и научное изучение.А.2003г.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ТУРИСТІК НАРЫҚ

Садыкова Дамежан

Адилхан Динура

Түйіндеме: Туризм — бүкіл әлемдік құбылыс. Қазір туристерді кабылдамайтын, туристерін саяхатқа жібермейтін ел жоқ. Рекреациялық ресурс барлық жерде бар, оның деңгейі экономикалық теорияға сәйкес сұранысқа қарай анықталады, ол өз ретінде елдің туризм бойынша шығыны мен табысын белгілейді. Бұның барлығы статистика арқылы көрсетіледі, яғни нақты туризм туралы мәліметтер, оның құрылымы туралы анықтамалар. .

XX ғасырдың 80-ші жылдары батыс Еуропаның мемлекеттерінің туристік сұранысында жаңа тенденциялар пайда болды. Олар экономикалық және әлеуметтік факторлар тұрғысынан туындады, сондай-ақ казіргі адамдардың психологиясының өзгеруімен де байланысты еді. Туристік тұтынушылықтың құрылымына басты әсерін тигізген экономикалық жағдайдың нашарлауы болды. Индустриясы дамыған елдердегі тоқырау жұмыссыздықтың санын көбейтті.

Сонымен қатар негізгі туристік қызметті пайдаланушыларға - қоғамның орта буынына да әсерін тигізді, олар бос уақытын дұрыс пайдаланудың жолдарын іздеуге мәжбүр болды.

Осындай жағдайда туристік қызметтің потенциалды тұтынушыларының шеңберінің кеңеюі бірінші тенденция болып табылады. Халықаралық туризмнің екінші тенденциясы - егде адамдардың туристік сұранысының кеңеюі. Солардың ішінен толығырақ зейнеткерлік жасқа тоқталық, өйткені егде адамдар жиі туристік белсенділік көрсетеді. Зейнеткерлік жас дамыған елдердің көбінде 60-65 жас аралығында болады. Экономикалық төмендеуге байланысты кейбір өндіріс орындары қаражат дағдарысына ұшырады, сондықтан да 60 жасқа толған адамдарды да, толуға таялғандарды да зейнеткерлік демалысқа жіберуге мәжбүр болды. Бұлар нағыз мықты, үнемі қозғалыстағы адамдар, олардың бос уақыты мол және сапар шегуге әр уақыттада дайын болды. Олар ішкі және халықаралық туризм нарқының дамуына өз үлестерін қосты.

Халықаралық туризм - бұл өте күрделі және сирек кездесетін құбылыс. Бәрімізге белгілі,

мемлекеттің сыртқы экономикалық байланысы айырбастың әр түрлі формалары арқылы іске асады; аманат кассасындағы ақша, шетелдік салымдар, халықтардың көшіп-қонуы, мәдениет төңірегіндегі айырбас, сауда қызмет көрсету және тағы басқалар.

Қандай бір ел болмасын оның ең күрделі экономикалық іс-әрекеті сыртқы экономикалық айырбас, жеке алғанда, нәтижесі валютамен түсетін сыртқы сауда. Халықаралық сауда секілді халықаралық туризм экономистерді ішкі туризмнен бұрын қызықтыра бастады. Олар, туристік қозғалыс төлем балансына тауар айырбасы секілді әсер етеді деген қорытындыға келді. Сондықтан да, халықаралық туризмді сыртқы экономикалық байланыстың бір түрі деп білген жөн, яғни ол сыртқы сауданың арнайы бір түрі болады. Халықаралық туризм халықаралық қатынастардың бір түрі ретінде шетел туристеріне кең көлемде мәдени және рухани кажеттіліктерін өтеуге бағытталған туристік қызметтер көрсетеді.Халықаралық туризм сыртқы экономикалық байланыстың бір түрі болғанымен, бірқатар өзіндік ерекшеліктері де болады.Халықаралық туризмде турист өзінің елінен шығып, басқа бір шетелдік елге

барады. Кеденнен өту үшін туристік құжаттарды толтырады (паспорт, виза жасау), валюта және медициналык бақылаудан өтеді. Бұл халықаралық туризмнің ерекшелігі болып саналады және ішкі туризмнен ең басты айырмашылығы.ДТҰ туристік құжаттарды толтыруды қысқартып реттеуіне ерекше маңыз бере отырып, жаңадан ұсыныстар жасап, оны қабылдады:

- паспорт формальдылықтары: паспорт кызметін бір орталықтан босату; шетелдік паспорттарды жасаудың жұмыстарын реттеп, мерзімін қысқарту; ақша жинауды реттеу; паспорттың жарамдылық мерзімін 5 жылдан кем етпеу және сапар санын шектемеу; шетелдік паспорттың иесі оны өзінде сақтауы және конфискацияға тыйым салу; паспортты компьютер жүйесі арқылы тексеру үшін ИКАО стандартына бейімдеу;

- виза формальдылықтары: рұқсатсыз кіру үш айға дейін; визаиың мерзімін 12 айға дейін ұзарту және бірнеше сапарларға рұқсат ету мен көліктің кез келген түрін пайдалануға болатындығы; көрші

мемлекеттердің визаны мойындауы; өте сирек жағдайда

бақылау бекеттерінде кіруге рұқсат ету; туристердің азаматтығына қарамастан, бірдей консульдық жинақды бекіту;

- валюта формальдылықтары: кеден декларациясында көрсетілген валюта мөлшеріне рұқсат ету; қазіргі валюта айырбастау туралы туристерге толық мәлімет беру; кірудің бақылау-жіберу бекеттерінде толық мәліметтерді іліп қою; барған елінен кетерде қайтадан валюта айырбастау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету; алып келген валюталарын өз еркімен ғана айырбастау; елден кетерде туристерге өз елінде сапарын жалғастыру үшін керекті мөлшерде ұлттық ақшаларына рұқсат ету;

- кедендік формальдылықтар: кірерде және шығарда туристерге салық салу; туристік объектілерді жаңарту үшін кейбір салықтар мен ақша жинаудың түрін енгізу; медициналық формальдылықтар мен туристерге медициналық жәрдем көрсету: ұлттықтуристікәкімшіліктіңденсаулық сақтау

органдарымен келісіп жұмыс істеуін кеңейту, керек жағдайда туристерге медицииаға байланысты толық мәліметтер беру; туристерге жәрдем көрсету және мемлекетпен медициналық қауіпсіздік туралы жан-жақты келісімдер жасау; туристерге жедел медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру; қатаң түрде ауырып қалған жағдайда немесе қайтыс болғанда консулдық пен туыстарына хабарлау; жерлеу немесе алып кету үшін қажетті құжаттарды тез арада дайындау.Бұндай ұсыныстар, туристік формальдылықтарды қысқартудың негізгі қағидалары Будапешт конвенциясында алынып отыр және ол туризм туралы Гаага декларациясында қолдау тапты.Туристік формальдылықтар мемлекеттік шекараны кесіп өтумен байланысты халықаралық туризмнің ең басты ерекшеліктері болып саналынады. Неғұрлым мемлекеттің ақша жүйесінде айырмашылық және адамдардың қозғалу жолында кедергілер көп болса, соғұрлым халықаралық туризмнің ішкі туризмнен айырмашылығы басымырақ болады.Әлемдік нарықта сыртқы сауда айырбасына тікелей кірмейтін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатуға және сатып алуға болмайды. Бұл

жерде тек тауарлар мен қызметтер ғана емес, сонымен қатар табиғи және әлеуметтік-экономикалық туристік-рекреациялық ресурстар да сатылады және сатылып алынады. Бірақ, дәстүрлі экспорттағыдай, бұл сату мен сатып алу территориядан айырылмайды. Басқа осындай ерекшелігі - тауар мен қызмет өндірісіне жұмсалған зат пен еңбек құралған жерінде іске асады. Бұл жерде тауарлардың тұтынушыға жылжуы емес, керісінше тұтынушының тауар-қызмет өндірілетін жерге келуі орындалады. Бұл капиталдың айырбас шеңбер уақытын қысқартады және халықаралық туризмді басқа экспорттық статьялардан пайдалы ерекшеленетін бірнеше шарттарды құрайды. Біріншіден, сатып алушы (турист) көліктік шығындарды өзіне алады. Екіншіден, шетел туристерінің келген уақытында сувенирлер мен тауарларды сатып алуын сыртқы сауда операцияларының пайдалы түрі ретінде қарастыруға болады. Көптеген елдердегі әр түрлі салалар осы ішкі экспортқа жұмыс жасайды. Мысалы, Жапонияда шетал туристері елде шығарылатын радиотауарлар мен бейне-аппаратуралардың, фотоаппараттардың көп бөлігін сатып алады; Швейцарияда - сағаттарды; Францияда

- парфюмерия заттарын; Италияда — аяқ киім мен тері заттарын; Ұлыбританияда - арақ (виски) және т.б.Халықаралық туризмге сыртқы саудада қалыптасқан операциялар түрі тән: экспорт, импорт және рёэкспорт. Халықаралық экономикалық қатынастың бір түрі ретінде халықаралық туризмнің өзіндік басты ерекшелігі туристік фирма немесе шетел туристерінің өзі бола алатын барлық сыртқы сауда, келісім сияқты қызметтерді иемдену шетел турагенттіктері арқылы жүреді. Осыған байланысты халықаралық туризмде экспортты шетел қонақтарын қабылдау, ал импортты осы мемлекеттің туристерін шетелге жіберу ретінде түсінеді. Халықаралық туризмде реэкспортты түсінуде қиыншылықтар бар. Теория бойынша осы категорияға бұл мемлекеттің туристік ұйымынан үшінші мемлекетке сапар шегу үшін тур сатып аяған барлық шетелдік туристер жатуы керек.Бірақ қазіргі кезде санақ жүйесінің жетілмегендігінен бұл категориялы туристерді көрсету өте қиын.Халықаралық туризмнің тағы да бір ерекшелігі — елдің төлем балансына тигізетін әсері. Сондықтан да шетелдік туристердің келуін "белсенді" туризм деп атайды. Оған қарсы, туристердің шетелге кетуі ұлттық ақша мөлшерінің

азаюына әсерін тигізеді. Бұндай туризмді "белсенді емес" дейді. Туристердің белсенді және белсенді емес болып бөлінуі туристік іс-әрекеттің қаражат нәтижесімен байланысты, ол халықаралық туризмде ғана болады, ішкі туризмге тарамайды. Кейбір жағдайларда шетелдік туризмнің дамуы елдің экономикалық және әлеуметтік дамуын жылдамдатуға да жіберілуі мүмкін.Шаруашылық жүйесінде туризм еңбектің бөлінетінін көрсетеді, бұндайда басты рольді экономикасы жоғары дамыған елдер атқарады. Сыртқы сауданың басым бөлігі өнеркәсібі дамыған елдердің арасындағы тауар алмасуға келетінін білеміз. Халықаралық туристік алмасуда да нақ солай болады. Әлемдегі негізгі туристік сапарлардың көбісі өндірісі жоғары дамыған елдер арасында жүреді, өйткені оларда азаматтардың шетелге шығу пайызы жоғары (АҚШ, Франция, Ұлыбритания). Сондай-ақ, солар және экономикасы орта деңгейде дамыған елдер (Греция, Португалия, , Түркия) және дамушы елдер де (Тунис, Таиланд және т.б.) арасында жүреді және іске асырылады. Осыған байланысты Дуниежүзілік туристік ұйым келесі анықтаманы қабылдады: "туристерді жеткізуші елдер"

және "туристерді қабылдаушы елдер".Экономикалық жағынан белсенді туризм (туристерді қабылдау) туристік игіліктерді экспорттау, ал белсенді емес туризм (азаматтар шығу) — импорттау деуге болады. Белсенді және белсенді емес туризмнің экономикалық әсерін есептеу қиын, өйткені шетел туристерінің жергілікті өндірістің өнімдерне сұранысы мен көлемі туралы хабарлар жоқ. Бұл сұранысты есепке алу мүмкін емес, оны тек болжауға болады. Статистикалық есептің киындығы иемдену кабылдаушы мемлекетте жүреді, ал иемденген тауарлар тұрақты тұру мемлекетіне әкелінеді. Бұл тауарлар шекараны өткенде тізімге алынбайды. Бұл жерде белсенді туризмді "көрінбейтін экспорт", ал белсенді емес туризмді — "көрінбейтін импорт" деуге болады.Шетел туризмін экономикалық дамуды тездететін, төлем балансын жылдамдататын және мемлекеттік қорын үлкейтудің қайнар көзі деуге болады.Халықаралық туристік нарық экономикалық категория ретінде өзін тауар-ақша қатынас сферасы есебінде ұсынады, оның өзіне тән ерекшеліктерін келесі қағидаларымен анықтауға болады /1/:

- нарықтың кешенді сипаты болады, яғни онда көрсетілетін қызмет пен тауарға сұраныс және ұсыныс орын алады;

- көрсетілетін қызмет пен тауарларды пайдалану өндіретін елде болады. Бұл жағдайды сыртқы сауда операциясының пайдалы түрі ретінде қарауға болады, өйткені ішкі нарықта сауда жеке бағамен жүргізіледі және ол көтерме бағадан едәуір жоғары;

- сұраныс субъективті түрде болады.

Тұтынудың түрі ретінде сұраныс тура тұтынушылардың жеке табысына тәуелді. Тұрмыстың жақсаруымен, соған сәйкес, тұрақты жердегі және демалыстағы шығынның да өзара қатынасы өзгереді. Демалыстағы туристік шығынның өсуі, әрине, тұрақты жеріндегі шығынды құлдыратпайды. Туристің демалыс кезіндегі шығыны оның тұрақты жеріндегі шығынынан әлдеқайда жоғары келеді. Қоғам өмірінің деңгейі жоғарылағанда ғана туризмге деген шығын өседі. Туристік қажеттілік пайда болады және өндірістік күштің дамуының белгілі бір деңгейінде соған қоғамдық-экономикалық жағдай сәйкес

келгенде ғана қалыптасады. Бірте-бірте күнделікті бюджет туристік бюджетке ауыса бастайды. Мұндай процестер экономикасы дамыған елдерде ғана анық байқалады;

- туризмдегі ұсыныс өте икемсіз. Бұлай болу себебі - мұнда өндірістің мүмкіндіктері нақты анықталған, сұраныстың өзгеруіне қарай жылдам өзгере алмайды. Сұраныстың көбісі туристерге көрсетілетін қызмет болғандықтан, ұсыныстарды дамытып іске асыру үшін туристік инфрақұрылымға және негізгі қорға көп капитал қажет болады;

— туристік мекемелер жұмысының өзіндік ерекшелігі — стратегиялық қорды құрудың мүмкін еместігі. Онысыз "өлі мезгіл" кезіндегі жұмыссыздықты өтеу үшін "мезгілдің шыңы" кезіндегі ұсыныстарға сай жұмысты ұлғайта алмайды. Мұның барлығы мекеме үшін өтелмейтін шығын.

Сондықтан да, туристік потенциалға, туристік қызметтегі сұраныс пен ұсынысқа кешенді баға беру арқылы туристік шаруашылықтың қазіргі тиімділігін анықтауға және оған дамуына ұзақ мерзімдік болжам жасауға болады.Сыртқы экономикалық іс-әрекеттің маңызды жағының бірі ретінде, халықаралық туристік

ағымдардың өсуі мемлекет арасындағы сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтуге әсерін тигізеді, материалдық байлықтар мен мәдени құндылықты құруда басқа ұлттардың тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді. Осының арқасында, сыртқы экономикалық байланыстың бір түрі ретінде, халықаралық туризмнің маңызы үздіксіз өсе береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

2. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамура,2000.

3. Ердавлетов С.Р. Основы географии туризма: Учебное пособие. Алма-Ата : КазГУ, 1991.

4. Мироненко Н.С.Твердохлебов И.Т. Рекреационная география. М.,1981.

5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.

6.В.Н.Вуколов. Экономика и география туризма. М.1984г.

7.Ян Гезгала. Туризм в народном хозяйстве. М.Прогресс, 1975г.

8. Гуляев В.Г. Организация туристской деятельности. — М., 1996.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Мұстафа Латиф Емек

Садыкова Дамежан

Адилхан Динура

ТҮЙІНДЕМЕ: Туризмнің дамуы халықаралық экономиканың ең басты динамикалық салалары ретінде әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Мақалада Қазақстандағы туризмінің қалыптасуы мен туризмнің басты бағыттары су, шаңғы, вело, авто, танымдық, емдеу – сауықтыру, діни қажылық туризм түрлерінің даму тарихы, табиғи ландшафттар мен көрікті аймақтарды қорғау, экологиялық ластанудың алдын алу мәселелері мен еліміздегі туризмді дамыту бағыттары қарастырылды. Қазақстанның көрікті аймақтары мен табиғат байлықтары ертеден ақ әлем назарын өзіне аударған болатын.

Қазақстан табиғаты туралы мәлімет б.э.д. II ғасырда Птолемейдің қолжазбаларында айтылған. ”Тарихтың атасы” Геродоттың кітабында б.э.д. 459 ж

Қазақстанның табиғаты сиппатталған. Қазақстанның жері туралы мәлімет 628 ж Қытай саяхатшылары Чан-Чунь, Сюань-Цзань қолжазбаларында көрсетілген. VI ғасырда араб саяхатшылары Батыс Қазақстан аймағына саяхат жасау арқылы Арал теңізі, Каспий теңізі туралы мәлімет жазған. Орта ғасырда итальян саяхатшылары Марко Поло, Плоно Карпини, Рубрук Орта Азияға, Қазақстанға саяхат жасады және қазақ жері туралы көптеген мәліметтер қалдырды. 1731 жылы Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу нәтижесі Ресей саяхатшы ғалымдарының Қазақстанды зерттеу туралы армандарының жүзеге асырылуына мүмкіндік берді. XVIII ғасырда I Петр Түркістан аймағының табиғатын зерттеу туралы экспедиция ұйымдастырды. Қазақстанға саяхат ұйымдастыру, зерттеу жұмыстарын жүргізу XVIII- XX ғасырлар арасында жоғарғы деңгейде дамыды. XX ғасырда Қазақстан жерін зерттеу арқылы көрікті аймақтарын анықтау, осыған орай туризм бағыттарын жандандыру жұмыстары қолға алынды.

Кілттік сөздер: туризм, ландшафт, тарирекреация, тұрақты даму, табиғат ресурстары,

рекреациялық аймақтар,кепілдеме, лицензия, ерекше қорғалатын аймақтар,туризм.

Қазақстан туралы мәлімет б.э.д. II ғасырда Птолемейдің қолжазбаларында айтылған.”Тарихтың атасы” Геродоттың кітабында б.э.д. 459ж Қазақстанның табиғаты сиппатталған. Қазақ далалары арқылы ежелгі заманнан-ақ Еуропа мен Азия елдері арасында елшілік және сауда қарым-қатынастары жүргенің тарих беттері айқындайды. Осыған орай Қазақстан табиғаты және оны жайлаған халықтар туралы алғашқы жазба деректер ежелгі грек және Рим ғалымдарының еңбектерінде-ақ кездесе бастайды. Қазақстанның жері туралы мәлімет 628 ж Қытай саяхатшылары Чан-Чунь, Тан-де қолжазбаларында көрсетілген. Сюань-Цзань Тянь-Шань тауы арқылы Ыстық көлге саяхат жасаған.VI ғасырда араб саяхатшылары Арал теңізі, Каспий теңізі туралы мәлімет жасаған. Орта ғасырлардағы араб географиялық әдебиеті, жалпы араб ғылымы туралы сөз болғанда бұл тілде тек арабтар ғана емес сонымен бірге өзбек, тәжік, қазақ т.б шығыс елдері ғалымдарының ғылыми еңбектері жарық көргені айқын.

Орта ғасырда итальян саяхатшылары Марко Поло, Плоно Карпини, Рубрук Орта Азияға,

Қазақстанға саяхат жасады және қазақ жері туралы көптеген мәліметтер қалдырды.

Жайықтан шығысқа қарай Қытай мен Жоңғарияға дейін созылып жатқан аса кең алқап туралы XVII ғ жинақталған географиялық мазмұндағы деректер белгілі сібірлік тарихшы және географ Семен Ремезовтың "Бүкіл сусыз және жолсыз тастақты даланың сызбасы" /1697ж/ деген картасында қазіргі Қазақстан аймағын түгелдей қамтитын бұл карта "Сібірдің сызба кітабы" деген атпен С.Ремезов жасап шығарған орыстың тұңғыш географиялық атласының құрамына кірді. Сызба ең алдымен географиялық мазмұнының барынша толықтығы және алуан түрлілігімен ерекше көзге түседі. Онда Қазақстаның барлық басты өзендері мен олардың ірі-ірі салалары, көлдері, кейбір өсімдік түрлері, керуен жолдары, қалалары, мешіттері, қираған ескі қалалар орындары түсіріліп, қоныстанған халықтардың аттары аталған.

Қазақстанға саяхат ұйымдастыру, зерттеу жұмыстарын жүргізу XVIII ғасырдан жандандырылды. Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу нәтижесінде Ресей саяхатшы ғалымдарының Қазақстанды зерттеу туралы армандары жүзеге асырылды. I Петр XVIII

ғасырда Түркістан аймағының табиғатын зерттеу туралы экспедиция ұйымдастырды.

Бірақ негізгі зерттеу жұмыстары XIXғ Орыс географиялық қоғамының ұйымдастырылуымен басталды. Орыс саяхатшылары қазақ жерінің флорасы мен фаунасын, жер бедерін, суын, климатын зерттеу арқылы көптеген мәліметтер жинақтады.

Бұл дәуірде қарапайым деректер жинау, табиғат құбылыстарын бақылау және зерттеу жұмыстарына ауысады. Осыған байланысты бұрынғы кездейсоҚ саяхатшылар-саудагерлер, елшілер, түрлі қызмет адамдарының орнына табиғат зерттеу жұмыстарын ғалымдар қолына алады.

Географиялық, зерттеулер басты 3 түрлі мақсатқа сәйкес жүргізіледі.

Олар:

- әскери-барлау жұмыстары;

- бекіністер салу арқылы Қазақ, жеріне кеулеп кіру және елде орыс үкіметі билігін орнату;

- басып алған жерлерді шаруашылыққа игеру.

Орыс ғалымдары А.Бекович-Черкасский, И.Д. Бухгольц, И. Лихарев, И.Унковский, И.К.Кирилов, В.Н.Татишев, В.Д.Гладышев, Н.Муравин жүргізген

ғылыми экспедициялар Қазақстанды географиялық тұрғыдан зерттеуге, карталар, табиғаты туралы географиялық мәліметер жинақталуына себепші болды және Қазақ жері туралы XYIII ғ. орта тұсына дейін жиналған ғылыми мәліметтер 1762 жылы орыс ғалымы П.И.Рычковтың "Орынбор губерниясының топографиясында" ғылыми кітабында жарық көрді.

Ресей империясының боданы кезінде Қазақстан табиғатының отарлау мақсатында нақты және тереңдете зерттеу жұмыстарын жүргізді. Орыс ғалымдары А.Татаринов, П.Дорошин, Н.П.Барботде Марни, Н.И.Андрусов, И.В.Мушкетов, Г.Д.Романовский, С.С.Неуструев, Л.П.Прасолов, В.В.Докучаев Қазақ жерін геологиялық, топырақтану, географиялық тұрғыдан зерттелер жасады. Зертеу қорытындысы ретніде И.В.Мушкетов Орта Азияның геологиясы мен физикалық географиясына арналған 2 томдық "Түркістан" деген еңбегін жазды.

XIX ғ. екінші жартысында Қазақстан табиғатын зерттеген ғалымдар А.Эверсман, И.Г.Борщов, Н.А.Северцов, П.П.Семенов-Тянь-Шаньский табиғат компоненттерінің өзара байланысы мен бірге географиялық кешендер туралы А.Н.Краснов,

С.С.Неуструев, И.М.Крашенинников, Л.С.Берг, Р.И.Аболин дәуірде кешенді физикалық географиялық зерттеулермен, Л.С.Берг ландшафтық - географиялық аудандастыру туралы зерттеулер жүргізді. Қазақстан жерін зерттеу барысында орыс ғалымдары Қазақ жерінің көрікті аймақтары мен ерекшеліктерін анықтау арқылы танымдық, спорттық саяхаттар ұйымдастырып туризмнің дамуына мүмкіншіліктер қалыптастырды. Қазақ жерінде туризмнің даму тарихы төмендегі деректер бойынша айқындалды.

1821ж Г.С.Карелин топограф, Каспий маңы ойпатын, Жетісу өлкесін зерттеді 1835-1906 ж.ж Ш.Ш.Уалиханов Т.Потанинмен дос болады және Орта Азиямен Сібірге саяхат жасайды. 1853ж Г.Н.Потанин болашақ Алматының негізін қалыптастырды.

1853ж Григорий Николаевич Потанин Семейден саяхат жұыстарын бастап, Балхаш көлі, Лепсі өзені, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауына саяхат жасап «Верный»-дың негізін қалыптастырды. 1856ж Үлкен орда полковнигі Хоментовск пен бірігіп Ыстық көл, Шелек, Жіңішке, Турген, Іле Алатауы, Шарын өзендеріне саяхат жасап топографиялық сьемка

жасайды. 1857ж Н.А.Северцов Тянь-Шань тауына, Арал теңізі, Сырдария өзеніне саяхат жасады. Орта Азия мен Қазақстан жерін зерттеуде өз өмірінің 25 ж арнаған саяхатшы ғалым. 1857ж Мұғалжар тауы, Қошқарата көлі, Қызылқұмға саяхат ұйымдастырды. 1858ж Семенов Тяньшанскиймен бірге Қашқарияға саяхатқа шығады.

1856-1906жж Семенов Тяньшанский Тянь-Шань тауларын зерттеп, минерологиялық, ботаникалық, энтомологиялық коллекция жинақтады Н.А.Северцов 1857ж Мұғалжарға, Қызылқұмға,1860ж Жайық өзені, 1864 ж Талас, Шымкентке саяхат ұйымдастырды.

1860-62жж Жайық өзені, 1864ж Қаратау,Талас, Шымкент, Тараз, Бішкекке саяхат ұйымдастырды.

1873ж Франциядан қоныс аударған Паклевск эмигрант инженерге Іле өзені арқылы Қастекке, Бішкекке тура баратын жол салу сметасын жасауды тапсырды. 1868ж Ташкенттен Верныйға Тоқмақ арқылы өтетін жол салынды. 1874ж И.В.Мушкетов Сан көлге, 1886ж Хантәңірі тауына саяхат жасады. 1882ж Паклевск бастамасымен Іле өзеніне кеме алып келді.Оған «Калпаковский» деп ат қойды. 1885ж Паклевск «Жаңа сауда жолы мен Іле өзенін зерттеу»

тақырыбындағы кітап шығарды. 1886 ж Орыс география қоғамы Хантәңірі шыңына саяхат жасады.1902 ж Мушкетовтың бастамасы бойынша «Орыс тау қоғамы» құрылды. 1902 ж профессор Сапожников Теректі аңғарларына саяхат жасады. 1902 ж Л.С.Берг Сырдария өзені, Қазалы өңірі, Балқаш көліне саяхат жасап мәліметтер жинақтады. 1902 ж Өлкетанушы С.Е.Дмитриев Тюксу тау мұздығын зерттеді. 1910-1912 ж.ж Әліби Жангелдин жаяу жер шарын айналып шығу саяхатын жасады. 1910ж Әліби Жангелдин Австрия мен Венаға саяхат жасады. 1911 ж Верныйға К.И.Богданов геолог, тау инженері, келіп жер сілкінуінің зардаптарын зерттеді. 1913ж Жетісуда атты туризм дамыды.

XX ғасырдағы туризм және ғылыми зерттеулер

1920 ж 26 тамызда Қазақ Автономиялық Совет Социалистік Республикасы болып жарияланды. Оның құрамында Семей және Ақмола-губерниясы, Адай уезді, Жетісу мен Сырдария губерниясы, Қарақалпақстан Автономиялы облысы болды. 1920 ж Қазақ Автономиялық Совет Социалистік Республикасы болып жарияланды 1921-1923 ж.ж Қазақстанда денешынықтыру пәні негізгі пән ретінде

енгізілді. 1924 ж Алма-Атада Жетісу облыстық денешынықтыру кеңесі құрылды. 1926 ж Алматы мен Талдықорған қалаларына зерттеу бойынша саяхат ұйымдастырылды.1927 ж Бүкілқазақстандық сьезд Кеңесі Қазақ АССР-ының астанасын Қызылордадан Алматыға көшіру туралы қаулы шығарылды. 1927 ж Іле өзеніне саяхат жасалды. Үлкен Алматы аңғарына әйелдер саяхат жасады. 1928 ж екі жас турист Алматыға жаяу келді. Сонымен қатар дене шынықтыру тақырыбында лекция оқып «Совет даласы» газетін таратты. 1929ж “Динамо” қоғамының мүшелері велосипедпен саяхатқа шығады. 1930ж И.Мысовск, Г.Белоглазова кіші Алматы шыңына шықты.1930ж Алматыда өлкетану мұражайы ашылды.

1930ж В.М.Зимин Москвадан келіп Қазақ педагогикалық институтында «дене шынықтыру ассистенті» болды. 1931ж Алматы-Ұзынағаш шаңғы жорығын ұйымдастырды.1931ж Алматы-Фрунзе шаңғы жорығын ұйымдастырып, Бүкілодақтық «Қорғаныс және еңбек» эстафедасын жасады. 1931ж Алматы шыңына ең алғаш әйел Н.Стукова шықты. 1932ж Ф.Л.Савин Орталық Кеңесте Қазақстан туризмі туралы мәлімдеме жасады. 1932ж «Горельник» демалыс базасы

құрылды. 1933 ж Қазақ ауыл шаруашылығы институтынан команда құрылып В.И.Зимин бастамасымен шаңғы жорығы ұйымдастырылды. 1934 ж велосипед жорығының жетекшісі В.М.Зимин болып сайланды.1934-1941ж.ж С.Гиржон, В.Ширкин, И.Тютнников жетекшілігімен 498 км Алматы - Фрунзе шаңғы жорығы ұйымдастырылды.1935 ж Қаз АССР дың 15 жылдығында еліміз туристік және алпинистік мерекеге толы болатын.1935 ж Комсомол ұйымы Кіші Алматы шыңына жорық ұйымдастырды.1935 ж 15 жылдыққа орай НКВД әскери гарнизоны Комсомол шыңына жорық жасады.1935 ж Хаби Рахимова жетекшілігімен 15 комсомол Талғар шыңына шықты.1935 ж Мединистут студенттері Алматы - Балхаш бойынша веложорық ұйымдастырды.1935 ж Противогаз туристік жорығы ұйымдастырылды. 1935ж ҚазГу дың командасы әйел алпинистер Семина және Хорченко жетекшілігімен Комсомол шыңына жетті. 1936ж “Алматы алпинстер клубы” құрылды. 1936ж теміржолшы, алпинист Евгений Алексеев жетекшілігімен 83 әскери көлік инженерлері тау туризмі бойынша жорық жасап, Мұзтау шыңына шықты. 1936ж

Семейде «Спартак» қоғамы Семей-Өскемен маршруты бойынша шаңғы жорығын ұйымдастырды. 1937 ж Батыс Қазақстанда шаңғы жорығы ұйымдастырылды. 1938ж Алматы-Шымкент велотур ұйымдастырылды. 1938ж Дмитрий Салонов Іле Алатауынан молибтен металл кенін ашты. 1938ж Қазақстанның тау туристері Кавказ тауларына жорық ұйымдастырды.1939ж Талғарда «Цветмет» альплагерь құрылды.1939ж Қазақстанда туризмнен жаңа ГТО бекітілді. 1939 ж Бүкілодақтық ФК және Спорт Комитеті "Турист СССР" белгісін шығарды.1940 ж Е.М.Колокольников "СССР спорт мастері"атағын алды. 1940 ж Сталин конституциясына арнап комсомолдар мен жастар әскери жорық ұйымдастырды.1941 ж В.Зимин биік тау жорығын ұйымдастырып,қарлы шыңдарға саяхат жасады.1941 ж Қызылордада мектеп оқушылары 16-20 км қашықтыққа жорық жасады. 1943ж Қазақстанда Бүкілодақтық тау инструкциясын дайындау мектебі ашылды. 1944 ж тау шаңғы жорығы капитан В.Ширкина жетекшілігімен ұйымдастырылды. 1945 ж Алматыда дене шынықтыру институты ашылды. 1946 ж 1 қаңтарда туризм-алпинизм кафедрасы болды. 1947 ж Алматыда №54 мектепте

Республикалық альпинизм-туризм конференциясы болды. 1948 ж КазПИ студенттері Талғар тауында шаңғы жорығын ұйымдастырды. 1949 ж Өскемен туристері П.А.Ковленко жетекшілігімен Орал өзенінде қайық жорығын жасады.1950 ж Алматыда қалалық турист және альпинистер жиналысы болып өтті.1951 ж Іле Алатауында «бейбітшілік үшін күрес» альпинистер жиыны болып өтті. 1952 ж Қазсовпроф Республикалық туристтік және экскурсия басқармасын ашты. 1953ж Горельникте Бүкілодақтық тау туризмін дайындау сборы өтті. 1958 ж Балқашта қайық секциясы көлде серуендеу үшін құрылды. 1959 ж ҚАЗ ССР туризм федерациясы Пленумы болып өтті. 1961 ж Қаз ССР де Республикалык туристер станциясы құрылды. 1962 ж ҚазПИ туристері Жоңғар Алатауына шаңғы жорығын жасады. 1964 ж Қазақ тау металлургия иниступының оқытушысы В.Коробов Алматы - Фрунзе 500 км веложорығын жасады. 1968 ж су туристері клубы ұйымдастырылды.

1971 ж В.Диденко өз достарымен Солтүстік Жер аралына шаңғы жорығын жасады.

1974 ж В.Диденко Өскемен - Москва жаяу жорығын жасады.1975 ж Алматыда шаңғы жорығы

ұйымдастырылды.1976 ж А.К.Резников Қазақстанда велотурист бойынша ең алғаш «СССР спорт шебері» атағын алды. 1977 ж Николай Бибекин «СССР спорт шебері» атағын жеңіп алды. 1978 ж Қазақстандық велотуристер Тянь-Шань тау жолымен жорық ұйымдастырды.1979 ж Оңтүстік Қазақстанда Қаратауда үңгір туристік жорығы болды.1980 ж Бұқтырмада су туризм және атты туризм үшін су маршрутын жасады.1983 ж Алматыда Қазақстан облыстық туризмі жетекшілерінің жиналысы болып өтті. 1990 ж Алматыда шаңғы жорығы ұйымдастырылды.1990 ж Орталық Тянь-Шань тауында 6 қатерлі жорық ұйымдастырылды.1991 ж “Солтүстік Тянь-Шань” кітабы шықты,авторы В.Н.Вулоко 1992 ж ҚР “туризм туралы” заңы қабылданды. 1993 ж Қазақстан Республикасының жарлығымен «Спорт және Туризм» заңы қабылданды. 1994 ж ҚР да 449 фирма болды. 1995 ж Алматыдағы туристік клубтар өз жұмыстарын тоқтатты. 1996 ж Туристік жорық өткізу туралы 6 өтініш түсті. 1996 ж Қарағандыда тау туризм жорығы болып өтті. 1996 ж туризм техникасы бойынша ҚР чемпионаты өтті. 1997 ж Талдықорғанда су туризмі бойынша сайыс болып өтті. 1998ж Қарағандыда

Қазақстан спорт және туризм Федерациясының конференциясы болды.1999 ж ҚР Президентінің Жарлығы бойынша Қазақстанда туристік фирмалар мен туристік қызмет түрлері дамыды.

Қорытынды.

Қазақстанның егемендігімен туризм саласында жаңа өзгерістер қалыптасты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайын көтерудің негізгі саласы туризмді 2010- ға дейін дамыту болатын. Осыған орай 1992ж “туризм туралы” заң қабылданып, 1994ж Қазақстан Республикасы Бүкілдүниежүзілік туризм ұйымына мүше болды. Қазіргі кезеңде елімізде 20 туристік база, 12 маманданған автомекеме, 14 туристік қонақ үй, 846 дан астам турфирмалар жұмыс жасайды. Қазақстанға жыл сайын шет мемлекеттерден 5990691 адам (2005ж), оның іскерлік және кәсіби мақсатта 23276, дін-қажылық мақсатта 15, туысқандарға бару 4065, демалыс мақсатында 12017, спорттық 150, т.б. өзге мақсаттарда, ал шет мемлекеттерге 2974869 адам, оның 40000 іскерлік және кәсіби мақсатта, емделуге 1415, дін-қажылыққа 800, демалуға 94346, коммерциялық

мақсатта 61275 адам т.б. өзге мақсаттарда шығады екен. 2005-2006 ж ж туризм мамандығы бойынша бітірген мамандар саны 843, оның 549 әйел,294 ұлдар. Жалпы мемлекетімізде туризм саласы танымдық, емдік, спорттық бағыттарда дамуда. Қазір Қазақстанда белсенді және танымдық мақсаттағы туризмді дамыту маңызды роль атқаруда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.А.А.Вододохов “Таулы туризм”Алма-ата, 1974ж

2.С.Р.Ердаулетов” Қазақстан туристері”Алма-Ата,1989ж

3.Н.Дублицкий”Қазақстандағы туристік маршруттар”1963ж

4.Ю.Накатков”Қазақстанның туризм тарихы”Алматы,2001ж

5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.

6.Теоретические основы рекреационный географии/Под ред. В.С.Преображенского.М.:Наука, 1975.

7.Е.А.Котляров. География отдыха туризма. М.Мысль.1978г.

8.В.И.Азар. Экономика и география туризма. МГУ.1975г.
9.В.С.Преображенского. Теоретические основы рекреационной географии.Москва.Наука, 1975г.
10.С.Р.Ердаулетов.Проблемы и перспективы казахстанского туризма.Алматы,1997г
11.С.Р.Ердаулетов. История туризма,развитие и научное изучение.Алматы.2003г.
12.Ю.С.Путрик. Туризм глазами географа.Алматы.2001г.
13.С.Р.Ердаулетов. География туризма Казахстана. Алматы.Ғылым.1992г.
14.В.Н.Вуколов. Экономика и география туризма. Москва.1984г.
15.Ян Гезгала. Туризм в народном хозяйстве. Москва.Прогресс

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ДАМУЫНА ТУРИЗМНІҢ ӘСЕРІ

Мұстафа Латиф Емек
Садыкова Дамежан
Садық Марияш

ТҮЙІНДЕМЕ: Экономикалық аудандастыру дегеніміз – аумақтық еңбек бөлінісі ортақ, өзара байланысты экономикалық аудандарға топтастыру. **Экономикалық аудан** – аумақтық еңбек бөлінісі нәтижесінде қалыптасып, бір-бірінен шаруашылықтың мамандануы және кешенді дамуы жөнінен айырмашылық жасайтын елдің бір бөлігі. Экономикалық аудандастыру елдің жеке бөліктерінің шаруашылығын жоспарлауда, олардың даму келешегін анықтауда маңызды орын алды. Қазақстанда аумақтық еңбек бөлінісі, көлік қатынасы, елдің жеке бөліктерінің шаруашылығының мамандануы, ел аумағында өндіргіш күштердің тиімді орналасуы, ішкі экономикалық - географиялық айырмашылықтардың дамуына және республика ішіндегі экономикалық

аудандардың пайда болуына әсер етті. Белгілі ғалым Н.Н. Баранский Қазақстан аумағын экономикалық-географиялық белгілеріне қарай 5 экономикалық ауданға бөледі: Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы қолайлы экономикалық - географиялық жағдайда орналасқан. Солтүстігінде Ресейдің Орал, Батыс Сібір аудандарымен шектеседі. Аудан аумағы арқылы Ұлы Сібір, Орта Сібір, Оңтүстік Сібір және Қазақстанаралық Трансқазақстан темір жолы магистралдары өтеді. Бұл жолдар Солтүстік Қазақстанды Орталық Қазақстан және Орал, Кузбасс, аудандарымен байланыстырып, соңымен бірге Ресейдің Европалық, Азиялық бөліктері және Оңтүстік Қазақстан ауданына шығуына мүмкіндік береді. Ертіс өзені арқылы түсті металлургия Кенді Алтай, Ресейдің мұнай - газды Батыс Сібір ауданымен байланыса алады. Солтүстік Қазақстан еліміздің ең басты астық шаруашылықты және етті-сүтт і мал шаруашылықты ауданы. Агроөнеркәсіп кешенімен бірге Солтүстік Қазақстанда темір рудасы, боксит, көмір, асбест, алтын т.б. кендер өндіру және байыту, оларды өндеу

барысында ферроқорытпа, алюминий балқытумен байланысты металлургия өнеркәсібі дамыған. Қазіргі нарықтық экономикаға көшу, Елорадының қоныс аударуы, туристік - рекреациялық аймақтардың шоғырлануы Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданында өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнеркәсібін дамытумен бірге туризмді дамыту, рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсарту, аудан экономикасын жандандыру мүмкіндіктерін айқындау бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Кілттік сөздер: экономика, экономикалық аудан, рекреация, туризм, экология, табиғат ресурстары, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, қызмет көрсету салалары, әлеуметтік және экономикалық салалар.

Қазақстан Республикасының маңызы мәселелердің бірі экономикалық аудандардың экономикалық жағдайларын айқындау болып табылады. Солтүстік Қазақстан еліміздің қиыр солтүстігінде Есіл, Тобыл және Обаған өзендерінің бассейндерінде, шығыс бөлігі Ертіс өзенінің орта ағысында орналасқан. Ауданның құрамына Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола,

Павлодар облыстары креді. Аумағы – 600,9 мың шаршы шақырым. Халқы – 4,6 млн адам. Солтүстік Қазақстан аумағының көлемі жөнінен Батыс және Оңтүстік аудандарынан кейін үшінші орын алады. Аудан аумағына физикалық географиялық тұрғыдан Батыс Сібір жазығының оңтүстік, Қазақтың ұсақ шоқысының солтүстік бөлігі, Солтүстік Қазақстан орманды дала зонасынан шөл зонасына өтпелі зоналары жатады. Топырағы каштан және қара топырақты, жыртуға жарамды жерлері жайылымдық шалғындары мен шабындықтары табиғат ресурстарымен ұштаса отырып көп салалы шаруашылықты дамытудың табиғи негізі болып табылады.

Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы экономикалық-географиялық жағдайы солтүстігінде Ресейдің Орал, Батыс Сібір аудандарымен шектеседі. Аудан аумағы арқылы Ұлы Сібір, Орта Сібір, Оңтүстік Сібір және Қазақстанаралық Трансқазақстан темір жолы магистралдары өтеді. Бұл жолдар Солтүстік Қазақстанды Орталық Қазақстан және Орал, Кузбасс, аудандарымен байланыстырып, соңымен бірге Ресейдің Европалық, Азиялық бөліктері және Оңтүстік Қазақстан ауданына шығуына мүмкіндік береді. Ертіс

өзені арқылы түсті металлургия Кенді Алтай, Ресейдің мұнай-газды Батыс Сібір ауданымен байланыса алады. Ресейдің өнеркәсіпті аудандарымен көршілестігі Солтүстік Қазақстанда тау-кен, энергетика шаруашылықтарының дамуына жоғары деңгейде әсері болады. Солтүстік Қазақстан еліміздің ең басты астық шаруашылықты және етті-сүтті мал шаруашылықты ауданы. Қазіргі нарықтық экономикаға көшудің қиындық жағдайындағы мал санының азаюы, өнімнің төмендеу кезеңінде де Солтүстік Қазақстан елімізде дәнді дақылдардың егіс көлемі, әсіресе жаздық бидай, мүйізді ірі қара және шошқа майы, мал майы және ет т.б. тамақ өнімдері жөңінен жетекші орын алады. Агроөнеркәсіп кешенімен бірге Солтүстік Қазақстанда темір рудасын, боксит, көмір, асбест, алтын т.б. кендер өндіру және байыту, оларды өндеу барысында ферроқорытпа, алюминий балқытумен байланысты металлургия өнеркәсібі едәуір дамыған аудан. Солтүстік Қазақстанның климаты шұғыл континенталды, еліміздің басқа аудандарымен салыстырғанда жазы қоңыр салқын, қысы суық. Қысты аудан климатына қатаң Солтүстік Мұзды мұхиттың арктикалық, ал жазда Орта Азия мен Иранның ыстық

тропикалық ауа массалары әсер етеді. Соған қарамастан температура жағдайлары дәнді, дәнді бұршақ тұқымдас және көкөніс бақша дақылдарының пісіп жетілуіне жеткілікті. Оған солтүстік аудандарындағы 160, ал оңтүстігіндегі 167 өсіп-өну кезеңі мүмкіндік береді. Аудан аумағының көп бөлігінде жылына 350-400 мм жауын-шашын түсіп, оның басымы жылдың жылы мезгіліне келеді де, ол суарылмайтын егіншілікті дамытуға мүмкін береді. Ал ауданның оңтүстігінде жауын-шашын мөлшері 150-200 мм-ге төмендеп, өзен анғарларында ғана суғарылмайтын, қалған жерлерінде егіншілік тек суарылмалы жағдайда ғана дами алады.

Солтүстік Қазақстан аумағы орманды дала, дала және шөлейт зоналарында орналасқан. Орманды дала ені 150-250 шақырым болып, ауданның солтүстік жиегін алып, бұған құрамындағы қара шірігі 10% пайыз шалғынды-қара топырақты Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарының солтүстігі жатады. Солтүстік Қазақстан аумағы жер бедерінің жазық болып келуіне қарамастан пайдалы қазбаға бай. Ауданның солтүстік-батысында Қостанай темір ресурсы, оның маңында Жетіқара асбест, Торғай қоңыр көмір бассейні, ал оңтүстігінде Арқалық боксит кен

орындары бар. Павлодар облысында Екібастұз тас көмір, Майкөбен қоңыр көмір, Бозшакөл мыс, Коряковск, Таволжан, Қалқаманда астұзы кездеседі. Солтүстік Қазақстанның әр жерінде, Жетіқара /Қостанай/, Майқайын /Павлодар/, Жолымбет, Ақбейіт, Степняк, Васильков, Бестөбеде /Ақмола/ алтын кені кездеседі.

Аудан аумағында известняк, шыны құмы, отқа төзімді саз т.б. құрылыс материалдары бар. Климаттың құрғақтылығы, жазық жер бедерінің басымдығы Солтүстік Қазақстан аумағында су байлығының таралу ерекшелігін анықтап, өзен жүйесінің нашар дамып, ал көлдердің мол болуына мүмкіндік береді. Ертіс өзені, оның тек Есіл, Тобыл сияқты сол жақ салалары ғана мұхитқа құяды. Ал қармен қоректенетін Торғай, Селеті, Шідергі, Шағалалы сияқты ұсақ өзендері ағынсыз көлдерге құяды. Халқының жалпы саны және оның орташа тығыздығынан Солтүстік Қазақстан елімізде Оңтүстік Қазақстанға ғана жол беріп, бір шаршы шақырымға 7,2 адам болып келеді. Аудан аумағында халық жалпы біркелкі қоныстанған. Мұндай қоныстану егіншілікті орманды дала және дала зоналарына тән болып келеді. Халықтың жоғарғы жиілігі Солтүстік

Қазақстан облысы, Көкшетау қаласы маңы, Ұлы Сібір және Трансқазақстан темір жолдары бойы, оның ішінде Ертіс, Есіл, Тобыл өзендері анғарларына таяу жатқан аудандар. Мұндағы халықтың бір шаршы шақырымға жиілігі 15-30 адамнан. Мұнда халқының саны 500-ден 1000 адамға дейінгі ірі ауылдар басым. Ауданның оңтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-бтысындағы суарусыз тәлімі егіншіліктің жағдайы нашарлау бөліктерінде аумақ бойында сирек және әркелкі қоныстануы байқалады.

Аудан ауыл шаруашылығының екінші маңызды саласы мал шаруашылығы, ол өсімдік шаруашылығымен ұштасады. Ауыл шаруашылығына жарамды жердің 57 пайызы жайылым мен шабындық, оның басымы Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстарына келеді. Мал шаруашылығының жем-шөп базасында табиғи мал азығы басым. Сонымен бірге мал азығы ретінде егіншіліктің, тамақ өнеркәсібінің қалдығы пайдаланылып құрама-жем даярланады. Солтүстік Қазақстан аймағында еліміздің басқа аудандарымен салыстырғанда етті-сүтті мал шаруашылығы мен астық шаруашылығының ролі жоғары. Дегенмен Солтүстік Қазақстанның климаттық

жағдайы аймақтың экономикалық жағдайының дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан табиғи рекреациялық ресурстарды пайдаланып туризм саласын дамыту аймақ экономикасының дамуына әсер етеді. Өйткені туризм аймақ экономикасын дамытуда әлеуметтік, экономикалық, гуманитарлық, саяси, медициналық қызметтерге ие екендігі айқын. Сонымен бірге туризм халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен бірге жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне, салауатты өмір салтының қалыптасуына үлес қосуда, яғни ұлттың денсаулығы мен жоғарғы деңгейде өмір сүруіне тікелей ықпал тигізеді.

Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы рекреациялық ресурстарға өте бай. Туризмді дамыту бағытында Солтүстік Қазақстан аймағындағы туристік рекреациялық ресурстар, көрікті аймақтар мен ландшафттар, қорықтар мен қорықшалар, емдеу-сауықтыру орталықтары, тарихи орындар мен табиғат ескерткіштері маңызды орын алады. Солтүстік Қазаұстан аймағындағы туризмді дамытуда қорықтар мен қорықшалардың орны ерекше.

Наурызым мемлекеттік қорығы.

Наурызым мемлекеттік қорығы 1959 жылы ұйымдастырылды. 1966 жылдың 18 қыркүйегінен бастап ол мемлекеттік қорық ретінде жұмыс істей бастады. Ал 1968 жылдан Наурызым қорығы республикалық экология және табиғат ресурстары министрлігінің қарауына енеді. Наурызым қорығының қазіргі уақытта алып жатқан жер көлемі 87 694 гектар. Соның 17 662 гектары немесе 19,5 пайызы орманды алқаптардың үлесіне тиеді. Олар – Терсек, Сыпсың және Наурызым реликтілі қарағай орман алқаптары, онда қарағай -934, қайың -805, көктерек-1034 гектар жерге орналасқан. Наурызым қорығы- арнайы жасалған табиғи музей десе де боларлық. Сонымен қатар, қорық жерінде Жаркөл, Ақсуат, Сарымойын атты көлдер бар. Аталған көлдер, әсіресе, көктем мен күз айларында нағыз құс базарына айналады. Мұнда солтүстікте тіршілік ететін құстар жылы жаққа барар және қайтар жолда дем алуға отырады. Селеу өскен жазық далалар мен ормандар арасында аң мен құстардың көптеген түрлері кездеседі. Жалпы қорық аймағында құстар 200-ден астам, сүт қоректілердің 30, қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 10-нан астам және

омыртқасыздардың 700-ге жуық түрі мекендейді. Ал, өзен-көлдерде балықтың 10-ға жуық түрі тіршілік етеді. Қорық аймағында басқа да көптеген аңдар қызыл түлкі, қарсақ, жабайы шошқа, қасқыр, елік кездеседі. Қорық маңында әртүрлі маусымдарда бұлан, ақбөкен сияқты бағалы аңдар кездесіп қалады. Сонымен Наурызым қорығының байлығы орман ғана емес, онда тіршілік ететін аң, құстар және жәндіктер. Наурызым қорығының қызметкерлері далалық аймақтың топырағын, флорасын, көлдердің гидрологиялық режимін, ормандарды қалпына келтіру мен халық шаруашылығына маңызы бар кейбір проблемалық мәселелерді зерттеу жұмыстарын көп жылдан бері жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Қорықтың ғылыми жұмыстары мынадай проблемаларды қамтиды:

- Наурызым қарағайлы орманын қалпына келтірудің, орман ағашын өсірудің экологиялық және агротехникалық ерекшеліктері:
- Табиғат кешендерін және көлдердің құстар фаунасын сақтау мақсатында Наурызым қорығындағы көлдердің тұщы су режимін зерттеу:
- Наурызым қорығындағы дала өсімдіктерінің бірлестігін (фитоценоз) сақтау және қалпына келтіру:

Сурет-1



Қорғалжын мемлекеттік қорығы.

Бұл қорық Ақмола облысының Қорғалжын ауданында орналасқан. Ол Тың өлкесінің табиғатының әсем де бағалы жерін қорғау мақсатында 1958 жылы ұйымдастырылған. Қорық қорғалжын көлінің оңтүстік жағалауын алып жатыр. Жер көлемі 183,7 мың гектар, құрамына Асаубұлақ, Қоқай, Есей, Қорғалжын және Теңіз көлдері енеді. Бұл жерде қорық ұйымдастырудың өзінше ерекшелігі бар. Көктемде осы су торабы арқылы Каспий теңізі жағалауында, Пакистан, Үндістанда және Солтүстік Африкада қыстап шыққан жыл құстарының солтүстікке қарай ұшу жолы өтеді. Бұл кездерде

көптеген құстардың мамырлауына өте ыңғайлы орын. Сондықтан да, бұл тамаша жерді қорғауу және оның байлығын зерттеу қорық қызметкерлерінің ең басты міндеті. Қорық жерінде шағын өзендер мен көлдер де көп. Бұл мұнда шөл мен далалық өңірдің өсімдіктері мен жануарларының мол болуына ықпалын тигізеді. Теңіз- Қорғалжын көлдер жүйесін және далалы аймақтың біраз бөлігін қамтитын Қорғалжын мемлекеттік қорығы 1968 жылы қайта ұйымдастырылған еді. Алайда, үш жылдан кейін ол орман-аңшылық шаруашылығына айналдырылды да, кейіннен қайтадан қорық болып құрылды. Бастапқыда 15 мың гектардай жерді алып жатқан болса, қазіргі уақытта Қорғалжын қорығының аймағы 23 661 гектарға тең. Оның көп бөлігін көлдер алып жатыр. Қорғалжын қорығы шөлді, дала аймағына орналасқан. Қорғалжын көлінің көлемі 39,6 мың гектардай, орташа тереңдігі екі метрдей. Көл суы ертеректе өте мол болған, бірақ кейінгі жылдары Нұра өзенінің суын кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы қажетіне көбірек пайдалануға байланысты ол көлге жетпей қалады да, көл бірнеше ұсақ көлшіктерге бөлініп кетті. Қорғалжын көлінде суда өсетін өсімдіктердің 22 түрі кездеседі. Олардың

ішінде құрақ, қоға, көл қамысы және жебе жапырақ кең тараған. Мұнда фитопланктонның – суда қалқып жүретін жиынтығының 167 түрі бар. Олардың арасында, әсіресе көкжасыл балдырлар көбірек кездеседі. Фитопланктондар су құстары мен балықтардың қорегі. Теңіз көлінде судың бетінде өсетін өсімдіктер болмайды, бірақ мұнда кейбір балдырлар мен фитопланктондар мол кездеседі. Қорықтағы өсімдіктер бірлестігін қорғаудың жан-жануарлар дүниесі үшін мәні зор етеді. Қорғалжын қорығыныың ауа райы, өсімдіктері сияқты жер жағдайына сәйкес жануарлар дүниесі де әртүрлі. Қорғалжын мемлекеттік қорығы ЮНЕСКО белгілеген халықаралық маңызы бар сулы-батпақты резерваттар қатарына жатқызылған. Қорық аймағында құстардың 225 түрін, сүт қоректілердің 30 түрін, қос мекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың оншақты түрін кездестіруге болады. Қорғалжын көлінде балықтардан шортан, мөңке, қарабалық, аққайран, шабақ, алабұға, сазан мекендейді. Қорғалжын және Теңіз көлдерінің басты табиғи байлықтарының бірі - су құстары. Бұл көлдерде олар- дың 119 түрі жұмыртқалайды, 106 түрі мұнда қоныс аудару және қыстайтын жеріне қайту кезінде

мекендейді. Олардың барлығы да қамқорлыққа алынған. Әсіресе, дүниежүзі бойынша сиреп кеткен қоқиқазды қорғап, қорын молайтуда қорықтың алатын орны ерекше.

Көкшетау ұлттық табиғи саябағы – 1996 жылдын сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы бойынша құрылған болатын. Оның негізгі аумағы Көкшетау қаласының оңтүстік-батысына қарай 60 километр аралығындағы 182 000 гектардан аса алқапты алып жатыр. Саябақ жерінің құрамына Зеренді, Шалкар және Имантау және Айыртау табиғи аймақтарының таулы-орманды, өзен-көлді өлкелері енеді. Ұлтық саябақтың аумағында мемлекет қорғауына алынған 185 археологиялык, тарихи, сәулет және монументальды өнер ескерткіштері бар. Сырымбет ауылында, Сырымбет тауының баурайында 19 ғасырдағы ағаштан тұрғызылған сәулет өнерінің ескерткіші болып табылатын ұлы ғалым жерлесіміз Шоқан Уәлиханов отбасының қалпына келтірілген қонысы бар. Аталған оныс негізінде тарихи – мемориалдық кешен ұйымдастырылды. Мұндай кешен Қарасай мен Ағынтай батырларға да арналып салынды. Ұлттық саябақтың өсімдіктер және жануарлар әлемі

саналуан дәуірлер және байлықтар флорасы мен фаунасының өзара сирек ұшырасатын үйлесімі болып табылады. Көне дәурдің қыналары мен папоротниктері қазіргі ағаш және бұталы өсімдіктердің астындағы қабатында жатыр. Сібір тайгасына тән жануарлардың түрлері бұлан, сілеусін, орман, сусары, ақ қоян, ақ тышқан оңтүстік дала мен шөлейтті аймақта тіршілік ететін қарсақ, саршұнақ, орқоян, күзен, суырлармен араласа өмір сүруде.

Баянауыл ұлттық саябағы - Павлодар қаласының оңтүстік-батысында Павлодар облысының Қарағанды облысымен шектескен жерінде жартылай шөлейт жерлердің арасынан шағын ғана таулы алқапты көресіз. Бұл Қазақстанныың ең әсем жеерлерінің бірі - Баянауыл. Бұл бұрын заказник болатын. Заказник көрікті Баянауыл тауларын, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдерін қамтиды. 1977 жылы Кеңес шешімі бойынша осы заказниктің негізінде Баянауыл табиғат паркі құрылды. Бұл табиғат паркі республиамызда әзірге жалғыз ғана. Табиғат паркінің жер көлемі 50 мың гектар. Құрамына әлгі айтқан көлдерге қоса Баянауыл, Жасыбай, Далба орман шаруашылықтары біраз бөліктері кіреді. Баянауыл өңірінде туристерді

қызықтыратын ең әсем жерлерге Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдері жатады. Олардың бәрі тау жағаларындағы ұсақ бұлақтардан құралады. Көлдерде шортан, алабұға, язь, плотва, тұқыбалық, қарабалық т.б. балықтар мен 270 өсімдік түрлері кездеседі. Оның ішінде 50 түр көне заманнан сақталған реликт өсімдіктер. Жануарлар дүниесінен Баянауылда 50 құс, 40 аң түрлері бар. Баянауылдың мақтанышы арқар. Бұл аздығына байланысты Қызыл кітапқа енген аң екендігі белгілі. Бұдан басқа елік, суыр, қоян, борсық, сілеусін, қасқыр, түлкі сияқты бағалы ірі аңдармен бірге атжалман, сұртышқан, ақтышқандар тіршілік етеді.1938жылы мұнда телеут ақтиын әкелінген болатын, ол жерсініп кетті. Қанаттылардан Баянауылда қасқалдақ, үйректер, құтан, аққулар, дуадақ, тырна, бөдене, балшықшы, кептерлер, торғайлар, шымшықтар т.б. бар. Жыртқыш құстардан бүркіт, лашын, бөктергі кездеседі.

Қазақстанда қазір 24 табиғат ескерткіші бар. Олардың ішіндегі аса маңыздылары- «Жетісу маржаны», «Шың түрген шыршасы», Павлодардағы «Жыл құстары» табиғат ескерткіштері туристтердің назарын ерекше аударуда.

Республикамызда жалпы аумағы *217 мың га* болатын 16 ботаникалық қорықша бар *(1991 жылы)*. Олардан: Орлиногор ботаникалық қорықшасы 1971 жылы ұйымдастырылған, аумағы *3,5 мың га*, Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында, мұнда қызыл қау, сәбізшөп сияқты дала өсімдіктері мен қайыңды-қарағайлы селдір орман өседі. Қостанай облысында «Михайловка», «Тауынсор» және «Сарықопа» қорықшалары мен Павлодар облысында «Қызылтау» қорықшасы; Солтүстік Қазақстан облысында «Мамлют», «Смирнов» және «Согры» қорықшалары бар. *Атбасар зоологиялық қорықшасы* – шаруашылыққа пайдалануға болатын табиғи аумақ. Атбасар зоологиялық қорықшасы 10 жылға арналып, 1976 ж. Ақмола облысы Атбасар ауданында құрылған. *Бұланды қорықшасы* – республикалық маңызы бар зоологиялық қорықша. Солтүстік Қазақстан облысы Еңбекшілдер ауданының жерінде 1971 жылы құрылған.Бұланды қорықшасында тұяқты сүтқоректілерден бұлан, марал, елік тіршілік етеді. Бұл өңірде ерте кездерде бұлан көп болған, соған байланысты «Бұланды» аталған. *Ерейментау қорықшасы,* Ақмола облысы Ерейментау ауданында

1986 ж. ұйымдастырылған. Жер аумағы 35 мың га. Қорықша табиғаты әсем таулы өлкеде, Ерейментау таулы алқабында орналасқан. Ерейментау қорықшасында көне дәуірлерден осы уақытқа дейін сақталып қалған реликт өсімдіктердің алуан түрлері өседі. Өсімдіктердің 400-дей түрінің 50-ге жуығы Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. *Зеренді қорықшасы* – Ақмола облысы Зеренді ауданындағы облыстық мәні бар зоологиялық қорықша. 1979 ж. құрылған. Ауданы 23 мың га. Қорықша аумағында қыратты-төбелі жазық жерлер гранитті шоқылар мен адырлы қырқаларға ұласады. Олардың баурайында қарағайлы қалың орман,астық тұқымдас өсімдіктер мен түрлі шөптесін өсімдіктер аралас өседі. Қазіргі уақытта «Көкшетау» ұлттық паркінің құрамында.

Мониторинг-1

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Солтүстік Қазақстан емдік бағыттағы сауықтыру орталықтарына өте бай аймақ. Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданының туризмін дамытуда емдеу-сауықтыру орындарының да орны ерекше.

Емдік бағыттағы емдік-сауықтыру орталықтары Қостанай, Павлодар облысындағы Баянауыл тау-орман массивінде біршама алдынғы дәрежеде. Қостанай облысындағы Қазанбас орманды аймағындағы шипалы батпақ тұзды көлі және басқа адамның денсаулығына қолайлы табиғат ресурстары қамтылған. Павлодар облысындағы Баянауыл

массивінде континенттік климат және ірі аумақты минералды батпақ және сульфат-хлоридтік, магний - натрий суға бай өзендер қоры көп орналасқан.

«Сосновый бор» – Қостанай қаласынан 50 км қашықтықта орналасқан. 1981 жылы қайыңды ағаштар арасында, емдік қасиеті бар қолдан жасалған көлмен спорттық кешен ретінде орналасқан. Құрамында азон мен ионға бай таза ауа, мәңгі жасыл өсімдіктері бар алқап адам ағзасына қолайлы әсер етеді. Негізгі табиғи емдік көзі – шипалы батпақ және аз минеральданған сульфат-натрий су.*«Зеренді» демалыс үйі* – Көкшетау қаласынан 50 км қашықтықта Зеренді көлінің жағалауында таулы, орманды алқапта орналасқан. Көлдің құмды жағалауы, аралас орман, таулар, қолайлы климат, адам ағзасына жақсы әсер ететін табиғатқа бай өлке, бұл адамдардың жақсы демалуы үшін өте маңызды.

Сурет-2



«Светлый» емдеу-сауықтыру орталығы - Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта « Бурабай емдеу-сауықтыру орталығы» станциясынан 12 км қашықтықта, Щучье көлінің жағалауында орналасқан. Көрікті көп тауларымен көмкерілген табиғатпен қоршалған, таза ауа адамның денсаулығына әсер ететін қолайлы табиғи емдік факторға ие климат қалыптасқан. Негізінен бронхит, бронхиольдік астма, пнемония, жоғарғы тыныс жолдары, танзиллинт, фаренготрахлит, синусит т.б.ауруларды емдейді. .*«Бурабай»* емдеу – сауықтыру

орталығы - Көкшетау облысының Шучье ауданындағы ауа- райы және қымызбен емдейді. Бурабай көлінің жағасында теңіз деңгейінен 350-480 м биіктікте орналасқан *«Көкшетау» демалыс үйі* – Көкшетау қаласынан 60 км қашықтықта Бурабай станциясынан 6км қашықтықта орналасқан. Демалыс үйі «Щучье» көлінің қайыңды жағалауында орналасқан. Климаты континенттік, қысы суық, жазы жылы. Көктем және күзде жидек, саңырауқұлақтар көп өседі. Демалыс үйі 250 орындық және 4-15 жастағы балалар мен ата-аналар және жанұялық демалыс үшін арнаулы бөлмелер жабдықталған. Демалыс үйінде клуб, кітапхана, алаң, құмды жағалау, шаңғы базасы бар. *«Мойылды»* - балшықпен емдейтін бальнеологиялық емдеу-сауықтыру орталығы. Павлодар облысы, Мойылды көлінің жағалауында, теңіз деңгейінен 135 м биіктікте орналасқан. 1922 жылы ашылған. Климаты континенттік, яғни жазы ыстық, қысы суық. Қаңтар айының орташа температурасы -18° С, ал шілдеде +21° С. Жауын – шашынның жылдық орташа мөлшері 250 мм шамасында. Ем ретінде әлсіз сульфидті минералдылығы жоғары шөгінді балшық, Мойылды көлінен алынған

ащы тұзды рапа (сульфат – хлорид, натрий – магний аралас) ванна (былау) ретінде пайдаланылады, минералды суын ішеді. Елімізде емдік-сауықтыру бағытындағы туризмді дамыту жандандырыла бастады.

Мониторинг-2

Қазақстан аймағындағы сапар мақсаттары бойынша келу туризмі мониторингі



Туризмнің нысаны жаратушы табиғат болғандықтан, инфрақұрылымды табиғат ландшафтары аса үлкен өзгерістерге ұшырамайтындай етіп дамыту қажет. Солтүстік Қазақстан аймағында туризмді дамыту үшін шағын туристік базалар және ірі қонақ үй кешендері мен демалу базаларын, қыстық демалу

турлерін дамыту, шаңғы трассалардың, жолдардың, электро жүйелерін жүргізу, ландшафтардың эстетикалық тартымдылығын пайдалану қажет. Солтүстік Қазақстан аумағындағы республиканың негізгі табиғи ресурстары (Баянауыл, Көкшетау таулы массивтері мен көлдері) бұл жерлерде туристік қызметті дамыту маңыздылығын арттырады. Минералды сулардың қоры мен аймақтың климаттық жағдайы осы ресурсқа негізделген мекемелер құруға алғышарттар жасайды. Ауданда ауыл шаруашылығын дамыту, өз кезегінде туристерді тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданыны климаты қатал, жазық жерде орналасқан аудан болғандықтан бос жерлерді, құрғақ ыстық жаз айлары мен суық, қары көп түсетін қыс айлары қаталдығын туристерге көрсете алу, олардың қызығушылықтарын туғызудың бірден-бір жолы болып саналады. Бұл жерлердегі тарихи-мәдени орталықтар, мәдени мұраны, эстетикалық - рухани құндылықтарды және бұл өңірдің негізгі танымдық туризмді дамытуда өте қолайлы аймақ болып саналады. Сондықтан жаңа туристік кешендерді, турбазалар мен қонақ үйлердің

құрылыстарын шешу мәселелері жан-жақты айқындалуы тиіс.

Кесте-1

Қазақстан аумағында туризм түрлерін дамыту

Оңтүстік	Солтүстік	Орталық	Шығыс	Батыс
Тау туризмі	Шаңғы	Экскурсия	Тау туризмі	Су туризмі
Жаяу жорық	Жаяу жорық	Су туризмі	Танымдық	Жаяу жорық
Велотуризм	Экскурсия	Спелотуризм	Экскурсия	Экскурсия
Экскурсия	Емдік	Тарихи	Емдік	Тарихи
Тарихи			Шаңғы	Танымдық

Еліміз аумағында жүргізілген зерттеулер Солтүстік Қазақстан аймағының туризмді дамытуда табиғи ресурстарға бай,әсіресе спорт, емдеу-сауықтыру, танымдық туризмді дмытуда рекреациялық мүмкіндіктері бар аймақ екендігін анықтады. Сондықтан туризмді дамытуда жергілікті ұйымдарға қолдау көрсету арқылы аймақ экономикасының дамуына әсер ету мүмкіншіліктерін айқындау қажет. Солтүстік Қазақстан аймағында туризмді дамытуда:

- ең жоғарғы деңгейдегі туризм өнімдерін анықтау, таңдау;
- туризм дамыған мемлекеттермен іс-тәжірибе алмасу арқылы сапалы өнімдерді анықтауға көмек көрсету;
- табиғат қорларына байланысты туризмді дамыту;
- жан-жақты байланысты мемлекеттермен жүйелі жұмыс жасау;
- жергілікті халыққа және мамандарға кәсіби оқыту, білім беру жұмыстарын ұйымдастыру.

Қорытынды

Туризмнің дамуы елді – мекендердің, жергілікті аймақтардың инфраструктурасын жақсартады, туристік маршруттар, халықтың экологиялық және экономикалық білімін дамыту, миграциясын қалыпты жағдайда сақтаумен тығыз байланысты. Әртүрлі ландшафт және биологиялық ресурстарға бай Қазақстан әлемдік беделге ие. Сондықтан табиғи ресурстар мен табиғи, тарихи ескерткіштерді сақтау, мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық, аймақтық, халықаралық ұйымдарды біріктіру арқылы

табиғатты қорғауға қажетті жағдайлар қарастыру арқылы туризмді дамыту қажет.

Болашақта еліміздің басты туризм бағыттарын дамытатын аймақтарына Солтүстік Қазақстан аймақтары жатады. Сондықтан бұл аймақдың экологиялық жағдайын жақсартып, көріктілігі мен рекреациялық ерекшелігін сақтау мәселелеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Сонымен бірге Солтүстік Қазақстандағы туризм саласын дамытуда туризмнің ролін жоғарғы деңгейге жеткізу және Тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес табиғи ортаға зиянды әсерін азайту.

1.Туризм табиғаттың сақталуы мен оның сақталуына мүдделі жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын жақсартуға әсер етеді. Егер туризмге қажетті деңгейде көңіл бөлінбесе, онда экологиялық және эстетикалық көзқарас тұрғысынан көптеген құнды ресурстар әлемдік және мемлекеттік экологиялық дағдарыс нәтижесінде мәңгіліке жойылуы мүмкін.

2.Туризмнің дұрыс ұйымдастырылуы мен мемлекеттік бақылауы мен қадағалануы табиғатты пайдалануды реттеуге, экожүйелерге шектен тыс рекреациялық

күшті азайтуға, экономикалық және экологиялық проблемалардың шешілуіне, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға, экологиялық білімді насихаттауға, туристік қызметтен экономикалық тиімділік алуға мүмкіндік береді.

3.Туризмді дамытуда туристік ифрақұрлымның жағдайы ерекше орын алды,сондықтан Солтүстік Қазақстан аймағында инфрақұрылымды дамыту қажет.

4. Туризмді дамытуда туристік қызмет көрсету саласын дамыту, қонақ үй, мейрамхана т.б әлемдік стандартқа сәйкес болу қажеттілігін ескеру.

5. Солтүстік Қазақстан аймағындағы табиғи және тарихи ескерткіштер мен табиғи көрікті аймақтарымызды әлемдік деңгейде айқындау үшін жарнамалық жұмыстар жүргізу қажет.

Қорыта айтқанда Солтүстік Қазақстан экономикалық аймағындағы туризмді дамыту аймақ экономикасына жоғарғы деңгейде табыс көзін ашуға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға, еліміздегі ішкі және сыртқы туризмді дамытуға, ұлттық экологиялық мәселелерді шешуге, жабайы табиғат қорын, табиғат ресурстары мен

көрікті - рекреациялық аймақтарын қорғауға мүмкіншіліктер туғызады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.

2. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы: Атамура,2000.

3. Ердавлетов С.Р. Основы географии туризма: Учебное пособие. Алма-Ата : КазГУ, 1991.

4. Мироненко Н.С.Твердохлебов И.Т. Рекреационная география. Москва.,1981.

5. Пирожник И.И. Основы географии туризма и экскурсионного обслуживания. Минск Университетское, 1985.

6.Теоретические основы рекреационный географии/Под ред. В.С.Преображенского.М.:Наука, 1975.

7.Е.А.Котляров. География отдыха туризма. М.Мысль.1978г.

8.В.И.Азар. Экономика и география туризма. МГУ.1975г.

9.В.С.Преображенского. Теоретические основы рекреационной географии.Москва.Наука, 1975г.
10.С.Р.Ердаулетов.Проблемы и перспективы казахстанского туризма.Алматы,1997г
11.С.Р.Ердаулетов. История туризма,развитие и научное изучение.Алматы.2003г.
12.Ю.С.Путрик. Туризм глазами географа.Алматы.2001г.
13.С.Р.Ердаулетов. География туризма Казахстана. Алматы.Ғылым.1992г.
14.В.Н.Вуколов. Экономика и география туризма. Москва.1984г.
15.Ян Гезгала. Туризм в народном хозяйстве. Москва.Прогресс, 1975г.
16.Алиева Ж.Н. Экологический туризм. — Алматы, 2002.
17. Садыкова Д.А.Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.2010ж.
18. Гуляев В.Г. Организация туристской деятельности. — Москва., 1996.
19.Белусова Л.С. Охраняемые природные территории: нац парки, заповед.Москва.

20.Закон РК «О туризме», Постановление РК 3.07.1992г.Алматы.
21.Природные ресурсы и охрана окружающей среды в РК. Алматы 1994г.
22.А.В.Чигаркин. Памятники природы Казахстана. Алматы, 1980г.
23.Н.Н.Дублицкий. Туристские маршруты по Казахстану.Алматы, 1985г.
24.Биржаков М.Б. Введение в туризм. — Москва. — СПб.: Издателъский Торговый Дом « Герда», 1999.

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Зиявдинова А.К.

Тлеубергенова К.А.

Карменова Н.Н.

Ашимов Т.Т.

Тоқсабаева М.Е.

Сатыбалдиева А.У.

Маханова А.С.

Түйіндеме

Туризмнің даму проблемалары әрқашан өзекті болатын, бірақ оларды қазіргі нарықтық жағдайда шешу үшін оларға ерекше бақылау керек. Су мен ауаның ластануына негізінен туризм моторизациясы үлкен үлесін қосты. Көпшілік туризмнің экологиялық талаптардың орындалмай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әкеп соқтырды. Рекреациялық территориялардың деградацияға ұшырауының бір себебі ол туристік ұсыныстың туристік сұраныстан әлдеқайда төмен болуы, яғни

рекреациялық саланың объектілерінің саны мен көптүрлілігі бойынша жеткіліксіз дамымағандығында, ал ол өз кезегінде адамдардың бір жерде, яғни өздерінің байырғы үйреніп қалған аумақтарында шектен тыс шоғырлануына әкеп соқтырады. Соған байланысты әлемнің көптеген елдерінде табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын жоспарланған территориялы туризмнің түрі пайда болды. Ол туризм түрі әлемде -«экологиялық туризм» атын алды. Әлемдік ғалымдардың жүргізген рейтингі бойынша Қазақстан соңғы екі жыл ішінде әлемдік туризм рейтингісіндегі орнын бес сатыға жоғарылатып, 88 орынды иеленді.

Экологиялық туризм - әлемдегі ең ірі және екпінді даму салаларының бірі. Экологиялық туризмнің пайда болуының негізгі өзгешілігі мен тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес табиғи ортаға түскен шығынды төмендету болып табылады. Барлық ғаламшарда экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, туристтік фирмалар табиғи қоршаған ортаға келушілердің әсерін төмендету туралы қоғамның хабардарлығын жоғарлатудың жолдарын іздеуде.

Туризмнің дамуы - келешекте ұзақ мерзімдік және экономикалық тиімді болашақ, себебі туризм шетелдік валюта тарауын қамтамасыз етеді және төлеу теңгерімнің және елдің жиынтық экспортының көрсеткіштеріне салмақты ықпал көрсетеді.

Кілт сөздер: туризм, экотуризм, экожүйе, экологиялық тиімділік, рекреация, рекреациялық ресурстар, инфрақұрылым, ДТҰ, Еуразия, туристік әлеует, қоршаған орта, туристік кластер.

Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді дамыту қажеттілігі тек экономикалық фактормен — жаңа жұмыс орындарын ашу, шалғай өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды дамытумен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тапсырыспен — халықтың денсаулық және бос уақытын пайдалану проблемасына тұтастай әрі жүйелі түрде мән берумен де түсіндіріледі. Дүниежүзілік туристік ұйым сарапшыларының деректері бойынша соңғы он жылда экологиялық туризм неғұрлым танымал және кез келген мемлекеттің тұрақты даму құралы болып табылады. Расында, экономиканың қарыштап дамуында туризмнің алар орны айрықша. Туристік әлеуетті зерттеу қорытындылары көрсеткендей, Қазақстанның

экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Оның негізін Еуразия орталығындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер құрайды. Тұтастай алғанда, Қазақстандағы экологиялық туризмнің жағдайы тұрақталып келеді.

Әлемдік ғалымдардың жүргізген рейтингі бойынша Қазақстан соңғы екі жыл ішінде әлемдік туризм рейтингісіндегі орнын бес сатыға жоғарылатып, 88 орынды иеленді. Мемлекеттер ішінен туристерге ең тартымдылығы жөнінен Швейцария үш жыл қатарынан 1 орыннан көрініп келеді. 140 мемлекеттің ішінен туристерді қызықтырмайтын, сұраныс жоқ мемлекеттер ретінде Бурунди, Чад және Гаити саналды. Рейтингті анықтау барысында зерттеушілер 14 критерий бойынша зерттеу жүргізген, негізінен келесідей критерилер ескерілген:

- жергілікті заңнамалар;
- қоршаған орта жағдайы;
- қауіпсіздік;
- денсаулық сақтау және гигиена;
- ел үшін саяхаттар мен туризм басымдықтары;

- әуе және жол көліктерінің инфрақұрылымы;

- баға саясаты;

- ұлттық, адами және мәдени ресурстар. 2020 жылға дейін Қазақстанда туристік саланы дамыту тұжырымдамасы қабылданған. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – жаңа тұрақты жұмыс оырндарын ашу. Тұжырымдаманың жүргізілуі аясында туризм саласында және де басқа да салаларда жұмыскерлер санын бірнеше есе өсіру жоспарлануда. Тұжырымдамаға сәйкес 5 ұлттық туристік кластер анықталды. Оның ішінен 4 ұлттық және 20 аймақтық жобалар белгіленді. Қабылданған тұжырымдаманың табысты жүзеге асуының кепілі ретінде туризм саласы жақсы дамыған Малайзия, Сингапур, Испания, Мексика, Марокко және тағы басқа елдердің тәжірибелерін қолдану ұсынылған. Бүгінгі таңда Қазақстандағы туризм жоспар негізінде жүзеге асырылуда. 2010 – 2014 жылдарға жоспарланған Қазақстан Республикасының туризм индустриясының перспективалық бағытына арналған бағдарламасына сәйкес жүргізілуде. Тұжырымдамада көрсетілген басты жобалар қатарына құны 450 млрд. теңгеге жобаланған Ақмола облысында орналасқан «Бурабай» ТҰП –

туристік – сауықтыру кешені, құны 345 млрд. теңге тұратын Алматы облысындағы Қапшағай суқоймасы маңындағы «Жаңа Іле» халықаралық туристік орталықтың құрылуы, құны 345 млрд. теңгеге бағаланған Маңғыстау облысы, Каспий теңізі жағалауында «Кендірлі» халықаралық курорт құрылысы жатады.

Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы кездегі таратқан мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек біз сөз етіп отырған табыс көзінің еншісіне тиесілі екен. Сондықтан да туризмнен түскен кіріс дүние жүзі бойынша әлі күнге дейін мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді. Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден принциптік айырмашылығы – табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шамадан тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау.

Бірінші кезекті экологиялық мәселелерді шешуде маңыздысы болып саналатын бұл туризм саласындағы

мәселелер. Дамуға бел байлағаннан кейін, яғни дамыған елдер қатарына кіруді мақсат қылғаннан кейін бірінші орында қоршаған ортаны дамыту, көркейту мәселелерін шешіп, содан кейін туристік саладағы табиғи қорғайтын туризм, соның ішінде экологиялық дамуына аса көңіл бөлу керек [1,20].

Экологиялық туризм бүгінде – соңғы онжылдықта бүкіл әлем бойынша кең тараған, қазіргі заманға сай туризмнің жаңа бір бағыты болып табылады. Экологиялық туризмнің танымалдылығына дәлел болатын фактілер, яғни экотуризмді одан әрі дамытуға қызығушылық танытып жүрген атақты халықаралық ұйымдар: Бүкіләлемдік Туристік Ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры, Халықаралық табиғат күзеті одағы және табиғат ресурстары.

Экотуризмді халықаралық және аумақтық деңгейде дамыту жөнінде жаппай барлық жерде конференциялар, конгресстер, кеңестер, симпозиумдар (халықаралық жиналыс) өткізілді. Осының нәтижесінде көптеген фирмалар туризмнің ішінен экотуризмге баса көңіл бөлді. Осындай кеңестердің бірі 2004 жылы басталған Қазақстандағы экологиялық туризмді дамыту

жөніндегі бастама ағымдағы жылы аяқталатын болады. Бастаманың мақсаты — ауылды өңірлердегі тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және ауыл тұрғындары арасында экологиялық сана-сезімнің деңгейін арттыру болып табылады. 2009 жылы экологиялық туризм жөніндегі қоғамдастық үкіметтік емес ұйымдардың көмегінсіз туристік фирмалармен тікелей жұмыс істей бастады. Көптеген елдер тәжірибесі дәлелдегендей туризм индустриясы кез-келген экономиканың маңызды бөлінбейтін бір бөлігі болып саналады.

Өзіндік ерекшеліктері бар Қазақстан бәсекелестік туризм индустриясын құруға үлкен мүмкіндіктері бар. Бұған мүмкіндік туғызатындар:

— аймақтың пайдалы геосаяси жағдайы халықаралық туристік және коммерциялық тасқындар өтуінің мүмкіндігін сол территория арқылы туғызу;

— саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформалар өткізу;

— табиғи ландшафтыладың әралуандылығы, экологиялық туризм ұйымдарына жануарлар мен өсімдіктер әлемі;

— мәдени-тарихи үзілістік ресурстардың әртүрлілігі;

— еркін еңбек ресурстарының болуы.

Бірақ, осыған қарамай, экологиялық туризмнің дамуының көптеген мәселелері бар.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жұмыс істеп жатқан туризм жүйесі туристердің барлық сұранымдарын қамтамасыз етуге мүмкіндіктері жоқ. Үзілістік ресурстардың молшылығы өте күрделі материалдық базаның құрылғанын қалайды.

Ең маңызды және комплекстік мәселе экологиялық туризм мен туристік қызмет нарығы жағдайын дамыту, материалды-техникалық базаның жағдайына, сонымен қатар потенциалды сұраныс масштабының сәйкес келмеуіне байланысты. Осыдан келесі мәселе туындайды – осы туризм саласындағы мамандардың жоқтығы.

Экологиялық туризм сияқты географиялық мәселелер бүтіндей туризм екеуі өзара бір-бірін толықтырып комплексті шешім қабылдауды талап етеді. Туризмнің басқа түрлері секілді экологиялық туризмнің де дамуы қонақ үйлер құрылысы, туристік базалар, кіріс жолдар, тамақтану пунктері, жарнама өнімін даярлау

және басқа да мақсаттарды қаржыландыру және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге байланысты.

Республикамызда экологиялық туризмді дамытуға арналған ғылыми негізделген бағдарлама осы саланы мемлекеттердің әлеуметтік экономика саясаты төңірегінде қарастырып, іске асыруы қажет.

Қазақстандағы экологиялық туризмнің әлсіз дамуының себептеріне келесілерді жатқызуға болады:

— экологиялық туризмнің нормативті-құқықтық базасының дамымағандығы;

— экологиялық туризмнің обьектісінің жағдайы мен саны жөніндегі статистикалық есептің болмауы;

— салық саясатының жетілмегендігінің нәтижесінде туристік қызметке шетел туритерін қабылдайтын және отандық туритерді шетелге жіберілуін жүргізетін туристік фирма қызметінің сипатын шектеусізден 20 % көлемінде қосымша құнға салық салынады;

— ерекше қорғалатын табиғи территориялардың көпшілігінде экологиялық туризм маршруттарын дамытуға қаражаттың жоқтығы, келушілерге қызмет

көрсететін және ақпарат беретін дайындықтан өткен кадрлардың жоқтығы;

— магистральдар мен жолдарды айтарлықтай алыста орналасқан экологиялық туризм обьектілеріне көліктің жетуінің төменділігі;

— экологиялық туризм саласындағы халықаралық қатынастардың және экологиялық туризмді ұйымдастырудағы халыаралық тәжірибенің болмауы [2,45-48].

Қазақстандағы туристік қызметтің даму болашағын қарастыру кезінде туристік қызметті мемлекттік деңгейде қабылданған стратегиялармен, бағдармалармен дамытпаса қоршаған ортаға жылдам дамушы туризм кері әсер ету мүмкіндігін ескерту қажет. Экологиялық туризмнің обьектісі болып табылатын табиғи су қоймалардың ластануында үлкен рольді мыналар атқарады: туризмнің моторизациясы; тазарту құрылғалары жоқ туристік базалардың коммуникалды кәсіпорындарының шығаратын қоқыстары. Әрине, экологиялық туризнің дамуы секілді сәйкес инфроқұрылымсыз болмайды. Ең бірінші, көрсетілетін обькетілер оптималды үйлестірілген орындарда, яғни көлікке қол жеткізімділіктің коммуникациондық

құрылыстың, материалдық-техникалық базаның даму деңгейі мен тамақтану базаларын ұйымдастыруға мүмкіндіктердің болуын ескере отырып туристік қызметті дамыту қажет. Өйткені экологиялық туризмнің обьектісі жаратушы табиғат болғандықтан, инфрақұрылымды табиғат ландшафтары аса үлкен өзгерістерге ұшырамайтындай етіп дамыту қажет. Туристік жылжулардың көптілігіне байланысты ертеден шағын туристік базалар және аңшылық үйшіктер енді ірі қонақ үй кешендері мен демалу базаларына орын береді. Қыстық демалу турлерін дамыту кезінде шаңғы трассалардың, жолдардың, электро жүйелерін жүргізу, орман алаңдарының қысқаруына себеп болып, нәтижесінде бірте-бірте табиғат кешендерінің дағдарысына және ландшафтардың эстетикалық тартымдылығының төмендеуіне әкеліп соқты. Экологиялық туризм экотуризм обьектісі сиқты табиғи табиғат ортасын сақталуымен байланысты. Сондықтан қаражат экотуризмді кең таратуға ғана қажет емес. Таулы лашықтардың көріну аландарының құрылысына, маршруттың реттелуіне – белгілі бір қаражат қажет. Бірақ осы уақытта қорғалатын табиғи территориялар мемлекеттен қаржыландырылмайды, сондықтан

болашақта капиталды салуда барлық жағдайлар жасалуы керек. Табиғи обьектілірді қалпына келтіру және күтудегі барлық міндеттер жекеменшіктің мойнында болады. Берілген территорияда инфрақұрылыстың дамытуымен айналысатын жеке меншік ұйымдардың иегерлері барлық табиғи ресурстарды тиянақты және жүйелі қолдануды қамтамасыз ету тиіс.

Туристік әлеуетті зерттеу қорытындылары көрсеткендей, Қазақстанның экологиялық туризмін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 10-нан астам экосайттер қызмет етеді. «Экосайт» дегеніміз - жергілікті қоғамдастықтарға негізделген экотуризм дамып, жобалар іске асатын жерді белгілейтін ЕОАҚ ұсынған термин. Мұндай экосайттердің көпшілігі ЕҚТА және оларға жақын жатқан аймақтарда орналасқан. ЕҚТА арасында келесілерді ерекшелеуге болады: Ақсу-Жабағлы МТҚ, Алматы МТҚ, Қорғалжын МТҚ, Батыс Алтай МТҚ, «Көлсай көлдері» МҰТП, Қатон Қарағай МҰТП, Көкшетау МҰТП, Сайрам-Өгем МҰТП және т.б [3,17].

Сонымен, экологиялық туризмнің тұрақты дамуы үшін жергілікті қоғамдастықтардың, туроператорлар, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, ЕҚТА-дың қызметкерлері мен туристердің тиімді өзара әрекеттесуі қажет. Экологиялық туризмнің табыс көзі – табиғатты қорғау бойынша түрлі мақсаттар мен әділ даму үйлесе алатындай, мықты ынтымақтастықты дамыту. Серіктестіктер қатысатын ойыншылардың саны мен олардың мұқтаждықтарына байланысты күрделі болуы мүмкін, бірақ мұндай қатынастарды орнату қажет болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Алиева Ж.Н. Экологический туризм: Учеб. пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2002.

2. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. Алматы, 2000.

3. Алматы облысында туризмнің дамуы туралы АҚПАРАТ (2014)